

Б.Қ. Тұрмашева, С.С. Салиш, В.Г. Пугач

ДҮНИЕТАНУ

Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған оқулық

3

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұсынған

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
сарапшыларымен келісілді



Алматы «Атамұра» 2018

ӘОЖ 373.167.1

КБЖ 20.1я72

Т 86

Бастауыш білім беру деңгейінің 1–4-сыныптарына арналған «Дүниетану» пәнінің жаңартылған мазмұндағы Типтік оқу бағдарламасына сәйкес дайындалды.

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР



Әңгіме, сұхбат,
талқылау



Топтық жұмыс



Сұрақтар мен
тапсырмалар



Бақылау, зерттеу



Жұптық жұмыс



Шығармашылық
жұмыс

СЕН БІЛЕСІҢ БЕ? ЕСІҢДЕ САҚТА!

Тұрмашева Б. Қ., т.б.

Т 86 Дүниетану: Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған оқулық/Б.Қ. Тұрмашева, С.С. Салиш, В.Г. Пугач. – Алматы: Атамұра, 2018. – 96 б.

ISBN 978-601-331-103-6

ISBN 978-601-331-103-6

© Тұрмашева Б.Қ., Салиш С.С.,
Пугач В.Г., 2018
© «Атамұра», 2018

МАЗМҰНЫ

I. ЖАНДЫ ТАБИҒАТ 5

1. Жер бетіндегі климат неге тәуелді? 6
2. Ауа райы адамдарға қалай әсер етеді? 8
3. Менің табиғи ортадағы қауіпсіздігім 10

II. ЖАҚСЫДАН ҮЙРЕН, ЖАМАННАН ЖИРЕН 13

4. Адамдар не үшін еңбек етеді? 14
5. Отбасы шығыстары қалай жоспарланады? 16
6. Адам досымен мықты 18
7. Біз – әрқашан біргеміз! 20
8. Біздің Ата Заңымыз – Конституция 22

III. УАҚЫТ 25

9. Мен, сен, ол, олар – барлығымыз бір отбасымыз! 26
10. Менің ататегім қайдан бастау алады? 28
11. Спорт – денсаулық кепілі! 30
12. Көшпелілер мен отырықшылардың өмір салты 32

IV. СӘУЛЕТ ӨНЕРІ 35

13. Елді мекендер қандай болады? 36
14. Қала мен ауыл арасында қандай байланыс бар? 38
15. Мен жергілікті жердің планын жасаймын 40
16. Астрономиялық белгілер бойынша қалай бағдарлауға болады? 42

V. ӨНЕР	45
17. Менің отбасымның рухани құндылықтары.....	46
18. Менің қауіпсіздігім	48
19. Менің елімнің «нышандары»	50
20. Түркілер және олардың өмір сүру салты	52
21. Тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғаудың маңызы неде?.....	54
VI. АТАҚТЫ ТҰЛҒАЛАР	57
22. Менің бабаларым – қыпшақтар.....	58
23. Қазақ хандығы қалай құрылды?.....	60
24. Қазақ жерінің даңқты хандары.....	62
25. Батырлар – Отанымыздың қорғаны. Билер – Ұлы Даланың даналары	64
26. Азаттық үшін күрескендер	66
VII. СУ – ТІРШІЛІК КӨЗІ	69
27. Адамдардың алғашқы қоныстары қашан және қалай пайда болды?.....	70
28. Туристің қайда саяхаттағаны дұрыс?	72
29. Табиғат және менің қауіпсіздігім	74
30. Табиғи ортада қандай қауіп-қатерлер бар?	76
VIII. ДЕМАЛЫС МӘДЕНИЕТІ.	
МЕЙРАМДАР	79
31. Отбасының берекесі бәрінен де қымбат.....	80
32. Мен және қоғам	82
33. Қазақстан халықтарының мейрамдары	84
34. Өз шығыстарыңды қалай жоспарлаған жөн?	86
«ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР». ҚОРЫТЫНДЫ ТЕСТ	89
СӨЗДІК	93

1 – САБАҚ

СЕН

– климат дегеннің не екенін;
– климаттың қандай түрлері болатынын **білесің**.

Жер бетіндегі климат неге тәуелді?

СЕН

түрлі климаттық белдеулердің өзіне тән ерекшелігін анықтауды **үйренесің**.

климат

климат

climate




Екінші сыныпта сен ауа райы туралы білдің. Алда болатын ауа райын болжау не үшін қажет?

Ауа райы жыл мезгілімен және табиғат жағдайымен байланысты. Мысалы, қиыр солтүстіктің қысы қатаң, жазы салқын. Оңтүстіктің шөл даласында қыста да, жазда да жоғары температура сақталады. Осындай жыл бойына жүйелі қайталанатын ауа райының ауысуын **климат** деп атайды. Ғалымдар ғаламшарымызда бірнеше климаттық белдеулердің бар екенін дәлелдеді. Олардың әрқайсысы өзіне тән Жер бедерімен, ауа райының ерекшелігімен, өсімдіктер мен жануарлар әлемінің өзгешелігімен сипатталады.



Дүниежүзінің климат картасына мұқият қара. Климаттық белдеулердің орналасуын біліп ал. Климаттық зоналарды не себепті **белдеулер** деп атайды?



Шартты белгілері:

- экваторлық, тропиктік
- қоңыржай
- полярлық



Полюс деген не? Жер бетінде қандай полюстер бар?
Жер бетінің солтүстік және оңтүстік полюстерін картадан көрсет.

Полярлық климат солтүстік және оңтүстік полюстерге тән. Бұл жерлердің жазы қысқа. Ал полюстің ортасына жақын тұстарын мәңгілік мұздық басқан.



Полярлық белдеудің өсімдіктері мен жануарлары туралы әңгімелеп бер.



солтүстік бұғысы



ақ аю



ақ түлкі



қасқыр

Қазақстан аумағы қоңыржай климаттық белдеуде орналасқан. Бұл белдеуде жылдың төрт мезгілі – жаз, күз, қыс, көктем айқын білінеді. Сондықтан қоңыржай климаттық белдеудің өсімдіктері мен жануарлар дүниесі әр алуан.



Суреттерге қара. Қоңыржай климаттық белдеуде қандай жануарлар кездесетінін анықта.



Тропиктік және экваторлық климаттың ерекшелігі оның қысы жылы, жазы ыстық болады. Жауын-шашынның түсу мөлшері олардың теңізден алыс-жақындығына байланысты. Бұл климаттық белдеудің жануарлары да жергілікті табиғат жағдайына бейімделген.



Экваторлық және тропиктік белдеу деген не?

2 – САБАҚ

Ауа райы адамдарға қалай әсер етеді?

СЕН

«катаклизм» ұғымы мен табиғаттағы катаклизмнен болатын апаттар туралы **білетін боласың.**

СЕН

– ауа райы мен климаттық жағдайлар адам өміріне қалай әсер ететінін **анықтайсың;**
– қауіпті табиғат құбылыстары кезінде өзін-өзі ұстау ережелерін құруды **үйренесің.**

катаклизм

катаклизм

cataclysm



Суреттерге қара. Мына табиғат құбылыстары саған танық па? Олар жайлы не естідің? Телеарнадан қандай табиғи катаклизмдерді көрдің?



найзағай

жер сілкінісі



су тасқыны



Саған табиғат құбылыстарының қандай қауіпті түрлері таныс?

Адам өмірі мен қызметі ауа райына және климаттық жағдайға тәуелді. Кей жағдайда табиғаттағы катаклизмнен болатын апаттар да адам өміріне қауіп төндіреді.



«Катаклизм» сөзіне анықтама бер. Сөздіктерді, анықтамалықтарды пайдалан. Сыныптастарыңның анықтамаларымен салыстыр.

Кестеге қарап, катаклизмдерді қалай жіктеуге болады? Біздің еліміздің табиғат жағдайында қандай катаклизмдер болуы мүмкін?

Геологиялық катаклизмдер	Ауа райы, климаттық катаклизмдер
Жер сілкінісі Жанартау атқылауы Сел, көшкін, қар көшкіні	Су тасқыны, цунами Өрт Құйын, боран, бұршақ, құрғақшылық

Катаклизмдер күшінің жойқындығы сондай, ол адамдардың өмірі мен денсаулығына зор қауіп төндіреді. Құрылыстар қирап, өсімдіктер мен жануарлардың жойылуы да ықтимал.



Табиғат құбылыстарының адам өміріне қалай әсер ететінін сыныптастарыңнан сұра. Ой бөліс.

Табиғаттағы қандай құбылыстар жойқын апаттарға алып келеді?

Сұраққа қатысты қосымша мәліметтерді тағы кімнен, қайдан алуға болады? Сабаққа қорытынды жаса.



Өз жеріңдегі ауа райына бақылау жаса. Одан келетін қауіп қатердің қандай белгілері бар? Өзің тұратын жерде қандай табиғи катаклизмдер болуы мүмкін? Оның қандай түрлері саған таныс?

ЕСІҢДЕ САҚТА!

Табиғи апат кезіндегі ең басты қағида – сабырлы болу, жылдам әрі сенімді қимылдау, дүрбелең салмау. Табиғи апат кезінде үйде болсаң, тұрмыстық құралдарды электр желісінен ажырат, газ және су келетін крандарды жап. Сақтық ережелеріне сай әрекет жаса.

3- САБАҚ

Менің табиғи ортадағы қауіпсіздігім

СЕН

«табиғи орта» ұғымы туралы және табиғи ортада қандай қауіп-қатерлер болатынын **білесің.**

СЕН

– табиғи ортада болатын түрлі қауіп-қатерлерді **анықтайсың;**
– табиғи ортада өз қауіпсіздігіңді қамтамасыз етуді **үйренесің.**

қауіпсіздік

безопасность

security

табиғи орта

естественная среда

natural environment



Қандай жерді табиғи орта деп атауға болатынын ойланып көр. Мысалдар келтір.

Адам өмірі үнемі табиғатпен байланысты болады. Адамды қоршап тұрған табиғат жағдайларын, жанды және жансыз табиғаттың алуан түрлі формаларының жиынтығын **табиғи орта** деп атайды. Табиғи ортада адамға төнетін қауіп-қатерлер де болады.



Өткен сабақтарда сендер табиғаттағы катаклизмдер жайлы білдіңдер. Табиғи ортада адамға тағы қандай қауіп-қатер төнуі мүмкін?




Табиғатта өсімдіктерден, жануарлардан, табиғи құбылыстардан келетін қауіптерге мысалдар келтір.




шыбынжұт

кене



дала өрті





Сыныптасыңмен саңырауқұлақ, кене және дала өртінің қаупі туралы талқылаңдар.



Табиғаттағы қауіп-қатерлер

- Адам денесінің бұтақ, тікенекті өсімдіктер, үшкір тас, шыны және т.б. заттардан жарақаттануы;
 - Улы жануарлар мен жәндіктердің шағуы (жылан, өрмекші, сарышаян, маса және т.б.);
 - Биіктіктен құлау;
 - Улы өсімдіктермен улану;
 - Суқоймалар мен өзендерде суға кету;
 - Найзағайдың түсуінен зардап шегу.

Адам табиғи ортада қауіпсіздік ережелерін сақтауы керек. Өз қауіпсіздігіңді қамтамасыз етуді алдын ала жоспарлауға болады.



Адам не себепті қауіптің алдын алуды жоспарлайды?
Табиғат аясында қандай қауіпсіздік ережелерін сақтау керек?

ЕСІҢДЕ САҚТА!

Табиғат аясында оқушылар мына жағдайларды білуі қажет:

- табиғатқа саяхат жасау үшін қолайлы аяқкиім және жәндіктердің, әсіресе кенелердің шағуынан қорғану үшін ашық түсті жабық киім мен баскиім кию керек;
 - өрт кезінде жалынның шарпуынан, түтіннен, өрт шалған ағаштардың құлауынан, жердің ойылуынан сақтану қажет;
 - бұтақтан, тікенекті өсімдіктерден, үшкір тастан, шынының сынығынан жарақат алудан; улы жануарлар мен жәндіктер (жылан, бүйі, сарышаян т.б.) шаққан кезде, биіктіктен құлау, күйік шалу жағдайларында алғашқы көмек көрсету әдістерін білу керек.

ПІКІР АЛМАСАЙЫҚ!

- Климат деген не?
- Климат қандай болады?
- Климат түрлерінің негізгі сипаттарын ата.
- Катаклизм деген не?
- Катаклизмдердің қандай түрлері бар?
- Табиғи орта деген не?
- Табиғи ортада адам өміріне қандай қауіп-қатерлер төнуі мүмкін?

ӘР АЛУАН ТАПСЫРМАЛАР

1. Тұжырымды дұрыс жауаппен толықтыр:

Біздің еліміз _____ климаттық белдеуде орналасқан:

- А) полярлық;
- Ә) қоңыржай;
- Б) тропиктік;
- В) экваторлық.

2. Сыныптастарыңмен жұптасып, қоңыржай климатқа тән ерекшеліктерді кімнің көбірек білетіндігі туралы ойын ұйымдастырыңдар.

3. Катаклизмнің қандай түрлері бар? Мысалдар келтір.

Апатты жағдайларда сабырлық сақтаудың қандай маңызы бар?

Нәсер жауған кезде өзіңді қалай ұстау керек?

4. Табиғат аясында болатын қауіп-қатердің алдын алудың қандай пайдасы бар?

5. Табиғатқа шыққанда төмендегі жағдайлар орын алса, не болады? Ойланып көр:

- баскиім киюдi ұмытсаң;
- жабық аяқкиім киюдi ұмытсаң.

II БӨЛІМ

ЖАҚСЫДАН ҮЙРЕН, ЖАМАННАН ЖИРЕН

БҰЛ БӨЛІМНЕН СЕН:

- адам өміріндегі еңбектің рөлі туралы білесің;
- өз шығыстарыңды жоспарлауды және ұтымды пайдалануды меңгересің;
- шығыстарды азайтудың жолдарын ұсына аласың;
- қоғамда қалыптасқан этикалық қағидаларды түсіндіре аласың;
- өз тәжірибеңе сүйеніп, адамдар арасындағы достықтың маңызын дәлелдейсің;
- сыныптағы өзін-өзі басқарудың қажеттілігін, ұжымдық шешім қабылдаудың жолдарын білесің;
- Қазақстан Республикасы Конституциясының адам өміріндегі маңызы туралы айта аласың.



4 – САБАҚ

СЕН

еңбек адамның өсіп-өркендеуіне қалай ықпал ететінін **білетін боласың.**

Адамдар не үшін еңбек етеді?

СЕН

– мемлекет, қоғам және отбасының дамуында еңбектің маңызды рөл атқаратынын **талқылайсың;**
– еңбек арқылы өз қажеттіліктеріңді орындауды **үйренесің.**

еңбек

труд

work



Еңбек деген не? Адамдар не үшін еңбектенеді?
Еңбектің қандай түрлері бар?

Еңбексіз адам өмірінде мән болмайды.

Еңбектің арқасында адам өз өмірін жақсартып, қабілетін дамытады, білімін толықтырады.

Әрбір еңбекқор адам өз жұмысының жемісін көреді, қаржылай табысты болады. Осы табысының арқасында адам өзінің мұқтаждығын өтейді.



Адамның қандай мұқтаждықтары бар?
Қандай қажеттіліктер адам еңбегінің арқасында орындалады?

Еңбектің арқасында адамдар бір-бірімен өзара үйлесімді қарым-қатынас жасайды. Өз ойын қолдайтын достар табады.



Жалғыз адам жасаған жұмыс пен ұжымдаса атқарған еңбектің қайсысы тиімді? Өз ойыңды дәлелде.



Еңбек ету қабілетін жетілдіру барысында адамдар еңбек құралдары мен әдіс-тәсілдерді де дамытады. Бұл тәжірибе ұрпақтан ұрпаққа беріліп, адамның ғана емес, бүкіл қоғамның дамуына ықпал етеді.



Еңбек етудің отбасы үшін қаншалықты қажет екенін айт. Қоғам мен мемлекеттің еңбексіз дами алмайтынын дәлелде.

Ой еңбегі және дене еңбегі

Ой еңбегін *зияткерлік еңбек* деп те атайды. Ой еңбегі адамнан зеректік пен зерделілікті, ақылдылық пен парасаттылық қабілетін қажет етеді. Ой еңбегімен айналысатын мамандық иелеріне мысал келтір.



Дене күшін қолдануды қажет ететін еңбекті дене немесе қол еңбегі деп атайды. Ол адамнан қажырлылықты талап етеді.



Қандай мамандық иелері дене еңбегімен айналысады? Мысал келтір.

Ой еңбегі мен дене еңбегі бір-бірімен тығыз байланысты. Мысалы, шахтёрлер көмір қазады. Бұл қол еңбегіне жатады. Ал көмір өндірудің тиімділігін арттыру үшін олар жаңа технологияларды пайдаланады. Бұларды инженер-ғалымдар ойлап шығарады. Сондықтан оны ой еңбегіне жатқызамыз.



Дене және ой еңбектері адам өміріне қалай әсер ететінін сыныптасыңмен талқыла.

5-САБАҚ

СЕН

отбасы қаржысының қалай жоспарланатынын білетін боласың.

Отбасы шығыстары қалай жоспарланады?

СЕН

отбасының түрлі қажеттіліктерге жұмсалатын шығыстарын бақылауды **үйренесің**.

жоспарлау

планирование

planning

шығыстар

расходы

expenses



Отбасының табыстары қайдан құралады? Ақша не үшін керек?

Отбасылық қаржы қайда жұмсалады? Табыс пен шығыс деген не?

Әрбір отбасының өзінің қаржылық табысы болады. Бұл – отбасы мүшелерінің алатын еңбекақысы мен басқа да табыстары.

Әр отбасының табысы әртүрлі болады. Ол әкесінің және анасының, басқа да ересек отбасы мүшелерінің еңбекақысынан, атасы мен әжесінің зейнетақысынан, студенттердің шәкіртақысынан және басқа да табыс көздерінен құралады.



Отбасыңның кірісі неден құралатыны туралы ойлап көр.

Сенің отбасың ақшаны қандай қажеттіліктерге жұмсайтынын есіңе түсір.



Дәріхана


Киім дүкені



Көлікпен қатынау



Азық-түлік дүкені



Әр отбасының өзіндік шығысы бар. Отбасы ақшаны түрлі қажеттіліктерге жұмсайды.

Негізгі жұмсалатын отбасылық шығындар – азық-түлікке, киімге, білім алуға, көлікке, техникаға, дәрі-дәрмекке, коммуналдық қызметтерге, байланыс қызметіне төленетін ақылар.

Олардан басқа ойыншық, кітап, газет сатып алатын, театр, кинотеатрға баруға, саяхаттауға жұмсалатын қаражаттар да бар.



Сенің де күнделікті жұмсайтын қаражатың бар. Оны сен қалай жұмсайтыныңды айтып бер.

Отбасындағы ересек адамдар өз қаражатын тиімді жұмсауға тырысады. Олар күнделікті қажеттіліктерге ғана жұмсап, шығындарды азайтады. Сапалы тауарлар сатып алып, қолайлы қызмет түрлерін пайдаланады.



Әркім өз қаражатын қайда жұмсайтынын жоспарлай білуі керек. Ол үшін төмендегідей тәртіппен есеп жүргіз.

САТЫП АЛУ ҚАЖЕТ КҮНІ _____

Не сатып алу керек?	Саны	Бағасы



Адам отбасындағы қаржыны денсаулығын күту, рухани жандүниесін дамыту үшін қалай жоспарлауы керек?

6- САБАҚ

СЕН

«этика» ұғымы мен әдептілік қағидалары туралы **білетін боласыз.**

Адам досымен мықты

СЕН

адамдар арасындағы достықтың маңыздылығын **үйренесіз.**

этика

этика

ethics



Достық деген не? Достар деп кімдерді айтамыз? Достық туралы бірнеше мақал-мәтелді есіңе түсіріп, айтып бер. Олардың мағынасын ашып түсіндір.

«Достық» сөзінің мағынасы **өзара сыйластық** пен **ортақ мүддеге** құрылған жақын қарым-қатынасты білдіреді.



Достық туралы хикаяны оқы. Сұрақтарға жауап бер. Достықтың мәні неде? Сенің ойыңмен сәйкес келе ме?

Екі дос бір егістікте жұмыс істейтін. Бірі – үйленген, отбасы бар. Екіншісі – бойдақ. Күн батқанға дейін жұмыс істеп, достар тапқан өнімді тепе-тең етіп екіге бөліп алатын. Бойдақ жігіт: «Түскен пайданы тепе-тең етіп бөлгеніміз дұрыс болмады. Мен жалғыз тұрамын, сондықтан да көп шығыным да жоқ», – деп ойлайды. Осындай ойымен, бір қап бидайды жасырын түрде досының қорасына апарып тұрады. Досы да ішінен: «Түскен өнім мен пайданы бірдей бөлгеніміз дұрыс емес, менің отбасым бар – қартайғанда олар маған қарайды. Досымның болса ешкімі жоқ, қартайған кезінде оған қарайтын адам болмайды», – дейді. Осылайша ол да түн жамылып досының қорасына бір қап бидай апаратын болды. Осыған қарамастан екі қорадағы қаптар саны неліктен еш азаймағанын екі дос та түсінбей жүреді. Тағы бірде екеуі бір-бірінің қорасына қап апара жатқанда, жолда кездесіп қалады. Сонда ғана олар болған жайды түсінеді. Қаптарын жерге қоя салып, екі дос бір-біріне деген **адал ниетті** екендерін біліп, көздеріне жас алады.



Саған достарыңның арасында өзіңді әдепті ұстай білуге этиканың қандай ережелері көмектеседі?

Сол ұстанымдар мен ережелерге мысал келтір.



Сыныптастарыңның барлығы саған дос бола ала ма? Досыңның қандай жақсы қасиеттері бар?

Достарыңмен бірге сабаққа дайындалғанда және басқа да уақытта әдептілік ережелерін сақтаған абзал. Тәртіп – адам бойында қалыптасатын тәрбиенің үлгісі. Мәселен, сен және сенің достарың мектепке кешікпей келесіңдер, мұғалімдерге орындарыңнан тұрып, ізет көрсетесіңдер, міне, осының бәрі әдептілік үлгілері саналады.

Суреттерде қандай әдептілік үлгілері бейнеленген?



Достықты сақтау үшін мінез-құлықтың әдептілік қағидаларын сақтаудың маңызы зор. Өзіңе өзгелердің қандай қарым-қатынаста болғанын қаласаң, өзің де өзгелерге сондай құрметпен қара.

7- САБАҚ

СЕН

өзін-өзі басқарудың
не екенін **білетін**
боласың.

Біз – әрқашан біргеміз!

СЕН

сыныпта өзін-өзі басқару ережесін құруды,
ұжымдық шешім қабылдай білуді **үйренесің.**

өзін-өзі басқару

самоуправление

self-management



Ұжым деген не? Сыныпты ұжым деп атауға бола ма?
Отбасыңды ше?

Ұжым үлкен күшке ие. Бірнеше адам бірлесіп, жалғыз адамның шамасы келмейтін жұмысты атқара алады. Бірлесе білім алу да жеңіл. Сенің сыныбың да сол ұжымдардың бірі. Сен осы ұжыммен үшінші жыл бірге оқып жатырсың. Сыныпта достарың да көп. Оларды сен жақсы танып білдің.



Сыныптастарыңмен бірге қандай ортақ мақсат құра-
сыңдар? Ол мақсатты құруға кім белсенді атсалысады?
Суреттерге қара. Қандай ортақ істер бейнелеген?



Сен және сыныптастарың бірге оқып қана қоймайсыңдар,
үзілістерде, сабақтан соң, бірге демаласыңдар, мерекелік
іс-шараларды бірге дайындап өткізесіңдер.



Сыныпты басқару деген не? Сыныпта тағы қандай іс-әрекеттерді бірге атқарасыздар?

Сыныптағы кез келген мәселені өз күштеріңмен шешуге болады. Ол үшін өзін-өзі басқару ережесін қолдану қажет.

Өзін-өзі басқару – атқаратын ісін өз еркімен жүргізу.

Сыныпты басқару, маңызды шешімдер қабылдау ұжыммен бірлесе атқарылады. Мысалы, сыныпта аталып өтетін мерекелерді жүргізу іс-шараларын оқушылар бірлесе атқаруы керек. Сонда мерекелер қызық өтеді. Ұжымдық шешім мерекелік шараларға ғана емес, басқа да маңызды іске байланысты бірлесе қабылдануы керек.



Сыныптағы іс-шараларды қалай ұйымдастыруға болады? Сенің ойыңша, өзін-өзі басқарудың мағынасы қандай?



Суреттерге қара. Сыныптастар мен отбасы мүшелері қандай ұжымдық шешімдер қабылдады?

Кез келген ұжымда бір мәселеге байланысты әр алуан пікірлер болады. Кей жағдайда сыныптастар арасында дау да туындайды. Осыны болдырмау үшін өзін-өзі басқарудың ережесін білу керек.



Сыныптастарыңмен бірлесе отырып, көпшілікке ортақ өзін-өзі басқару ережесін құрыңдар.

8 – САБАҚ

СЕН

Конституцияның азаматтар үшін маңызын **білетін боласың.**

Біздің Ата Заңымыз – Конституция

СЕН

– Конституция деген не?
– азамат деп кімді атауға болатынын **талқылай-сың.**

Конституция

Конституция

Constitution

құқықтар

права

rights

міндеттер

обязанности

duties



Конституция – бұл мемлекеттің негізгі заңы, жоғары заңдық күшке ие Ата Заң.

Қазақстан Республикасы Конституциясының бірінші бетінде бұл заңның кім және не үшін жасалғаны туралы жазылған. Оқып, таныс.

*Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген
Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып,
өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбіт азаматтық қоғам деп ұғына отырып,
дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып,
қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып,
өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып,
осы Конституцияны қабылдаймыз.*



Конституцияның кіріспесінде сипатталған халықтың мақсаттарын сен қалай түсінесің?



Конституцияда біздің еліміздің басты құндылықтары адам, оның өмірі, құқығы мен еркіндігі туралы айтылған.



Төмендегі сызбада берілген Қазақстан азаматының құқықтарын оқып шық. Оның ішіндегі өзің қолданып жүрген құқықтарды ата.

Өмір сүру

Еңбек ету

Жекебасының еркіндігі

Қазақстан азаматының құқықтары

Демалу

Тегін орта білім алу

Тегін медициналық көмек алу

Әрбір азамат өзіне берілген құқықтар мен еркіндіктерді пайдалана алады. Әр адам өзіне қажетті құқықты білумен шектелмей, міндетті де орындай білуі қажет.

Әрбір азамат Конституцияны сақтап, басқалардың құқығына, еркіндігіне, ары мен абыройына, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауға міндетті. Сонымен қатар тарихи және мәдени мұралардың сақталуына үлес қосуға және қорғауға міндетті; табиғатты қорғауға және табиғат байлықтарына қамқорлықпен қарауға міндетті.

СЕН БІЛЕСІҢ БЕ?

Қазақстан Республикасын қорғау – әрбір азаматтың қасиетті борышы.



Біздің елімізде Конституция күні белгіленген. Ол қай күні, қай айда атап өтіледі?



Қазақстан азаматы қандай құқықтарға ие? Қандай міндеттерді орындауы керек? Әр азамат тарихи және мәдени мұраларды қорғауды басты міндет етіп алу себебі неде? Мемлекеттің тегін медициналық көмек, тегін орта білім беруді қамтамасыз ету себебі неде?

ПІКІР АЛМАСАЙЫҚ!

- Еңбек адам өміріне қалай әсер етеді?
- Табыс пен шығыс деген не?
- Әр отбасы өз қаражатын қалай жұмсайды?
- Өз қаражатыңның тиімділігін қалай арттырасың?
- *Этика* деген не?
- Әдептілік нормалары мен қағидаларын ұстанудың маңыздылығы неде?
- Өзін-өзі басқару деген не?
- Ұжымдық шешімді қалай қабылдау керек?
- *Конституция* деген не?
- Азаматтар үшін Конституцияның маңыздылығы қандай?

ӘР АЛУАН ТАПСЫРМАЛАР

1. Адамның қандай мұқтаждықтары бар?
2. Дене және ой еңбегі мамандықтарына мысалдар келтір.
3. Адамның дамуына еңбектің қалай әсер ететініне мысалдар келтір.
4. Шығыстар неден құралады? Шығыстардың тиімділігін арттыру деген не?
5. Біздің еліміздегі басты құндылықтар не?

III БӨЛІМ

УАҚЫТ

БҰЛ БӨЛІМНЕН СЕН:

- отбасы мен әулетті қандай туысқандық байланыстар біріктіретінін білесің;
- өз шежіреңді құрастыруды үйренесің;
- көшпелілер мен отырықшылар өмір салтының ерекшеліктерімен танысасың;
- спорттың қандай түрімен айналысқан денсаулыққа пайдалы екенін білесің.



9 – САБАҚ

Мен, сен, ол, олар – барлығымыз бір отбасымыз!

СЕН

отбасы мүшелері-
нің туысқандық
байланысын
білетін боласың.

СЕН

отбасы мүшелері арасындағы сыйластықтың
маңызын **талқылайсың.**

отбасы

семья

family

туыс

родство

kinship



Кімдерді туысқандар деп атайды?
«Туыс» деген ұғымды қалай түсінесің?

Адам отбасында туыстарының ортасында өмір сүреді. Әр-
бір туысқанның жақындығына қарай туыстық дәрежесінің
өзіндік атауы бар.



Суреттерге қара. Бұл адамдардың арасындағы туысқан-
дық байланыс туралы өз болжамыңды айт. Өз жауабыңды
сыныптастарыңның жауабымен салыстыр. Суреттегі отбасы
жайлы әңгіме құра.



Тағы қандай туысқандық байланысты анықтайтын атау-
ларды білесің? Үйдегі ең құрметті орынға кім отырады? Не-
ліктен?

Кез келген халықта әрбір ағайынға қатысты өзіндік туыстық атаулар бар. Ол отбасындағы және әулеттегі отбасы мүшесінің орнына, жасына байланысты аталады.



Әкең мен анаң кімді қызым дейді? Ал кімді ұлым дейді? Кім кімге аға мен іні немесе әпкесі мен қарындасы, сіңлісі болады? Кімдерді ата мен әже дейді? Кім кімге немере болады?

Сен де отбасының бір мүшесісің, сені әкең мен анаң қалай атайды? Туған ағаң мен әпкең, інің мен қарындастарыңды ше? Әкеңнің немесе анаңның ата-анасына және туыстарына сен кімсің? Сен әкеңнің және анаңның ата-аналарын қалай атайсың?



Ұл мен қыз ата-аналарын қалай атайды? Бірдей ме әлде әртүрлі атай ма? Немерелер әкесі мен анасының ата-аналарын қалай атайды?



Адамдардың бір-бірімен туысқандық байланысы туралы не білесіңдер? Суретті пайдаланып, жауап беріңдер.



10- САБАҚ

СЕН

қазақ халқындағы шежіре таратудың маңызын **білесің**.

Менің ататегім қайдан бастау алады?

СЕН

өз ататегіңді таратуды **үйренесің**.

шежіре

родословная

bloodline

ру

род

ancestry



Ататек деген не?

Сен өзіңнің атаңның, арғы аталарыңның аты-жөндерін білесің бе?

«Тектілік» сөзінің өзі «тек» сөзінен шығады. Біздің әрқайсысымыздың тегіміз көнеден бастау алған ежелгі бір ру-тайпаның ұрпағы. Адамдар өз ататегін таратқанда бір атадан өскен әулеттің ұрпақтарының тізбесін жасайды. Көптеген халықтар шежірені тармақталған ағаш бұтақтарына балайды.

Қазақ халқы әулеттің шығу тегі мен таралуын **шежіре** деп атайды. Қазақ халқы ататегін ерлер тарапынан, яғни әке жағынан таратады. Салт-дәстүрге сай жеті атасын білу аса маңызды. Жеті атасын білу тектілік деп саналады.



Ұрпақтар сабақтастығы қалай аталғанын ағаштың төмен жағынан бастап оқы.



7. Тек ата

6. Түп ата

5. Баба

4. Арғы ата

3. Ата

2. Әке

1. Бала



Бұл дүниеге қаншама адамның ұрпағы келіп кетті. Сен – олардың жалғасысың. Сондықтан сен өз отбасыңның және тегіңнің озық дәстүрлерін жалғастыруың керек.



Шежіре бойынша адамның өмір сүру жасын орта есеппен 25 жас деп санасақ, жеті атаның шежіресін білу қанша уақыт аралығын қамтиды?

«Менің шежірем» жобасын орында



Ата-анаңнан өзіңнің ата-бабаларың туралы сұрап біл. Олардың есімдерін білуге тырыс.

СҰХБАТ АЛЫП КӨР

Сыныптас достарыңның арасында «Жеті атаны білу не үшін қажет?» деген сұхбат жүргіз. Сұхбаттың қорытындысын жаса.



Өз атаң немесе бабаң туралы әңгіме құрастырып айт. Олар еліміздегі қандай маңызды оқиғаларға қатысқанын үлкендерден сұрап біл.



Көптеген халықтар шежірені не себепті бұтақтары тармақталған ағаш түрінде бейнелейді? Оның тамыры, діңі, бұтақтары мен жапырақтары нені меңзейді?

11 – САБАҚ

Спорт – денсаулық кепілі!

СЕН

– спорт түрлерімен танысасың;
– спорттың денсаулыққа қандай пайдасы барын білесің.

СЕН

спортпен айналысатын адамның бойындағы қабілетін анықтауды **үйренесің**.

спорт

спорт

sport


спорттық сайыс

спортивные соревнования

sport competitions



жүгіру



сырықпен секіру

баскетбол



суда жүзу



ауыр атлетика

семсерлесу



Суреттерге қара. Адамдардың спортпен айналысуының негізгі үш себебін ата.

Адамдар айналысуға болатын спорттың 200-ден астам түрі бар. Олар әртүрлі топқа бөлінеді. Мысалы, жарыстардың өту мерзіміне сәйкес жазғы және қысқы спорт түрлері бар.



Суреттерге қарап, қысқы спорт түрлерін таңда. Олардың жазғы спорт түрлерінен басты айырмашылығы неде?



СПОРТ ЖӘНЕ СЕН

Сен қандай спорт түрімен айналысасың? Ол спорттың түрін таңдау себебің бар ма? Бұл спортқа келер алдында өзіңе қандай мақсат қойдың? Саған Айжан мен Асқардың берген жауабы ұнады ма? Не себепті?



Асқар

Мен шынығып, денім сау болу үшін спортпен айналысамын.



Айжан

Мен спорттық жарыстарға қатысып, жеңіске жеткім келеді.

Айжанның жауабымен келіссең, сенің жетістігіңнің 80 пайызы дене бітіміңнің табиғи жаратылысына байланысты. Мәселен, гимнастикада, конькимен сырғанауда нәтижеге жету үшін иілгіштік пен икемділік керек. Ал денсаулықты нығайту үшін кез келген оқушының балалар спортымен айналысуына болады. Ол: суда жүзу, жеңіл атлетика, конькимен, шаңғымен сырғанау.

СЕН БІЛЕСІҢ БЕ?

Әр 4 жылда бір рет олимпиадалық ойындар өткізіледі. Дүниежүзінің спортшылары кім күшті, кім жылдам, кім төзімді екенін анықтау үшін күш сынасады. Ең алғашқы олимпиадалық ойындар 3 мың жылдай бұрын Ежелгі Грекияда өткізілді.



Интернет ақпараттарын пайдаланып, соңғы олимпиадалық ойындарда жүлделі орындарға ие болған қазақстандық спортшылар туралы айтып бер.



Өз мектебіңдегі спорт жарыстарына қатысушылардан сұхбат ал. Оларға қоятын сұрақтарыңды жүйеле.



Пантомима: қимыл-қозғалыс арқылы қандай да бір спорт түрін бейнеле. Сыныптастарың тапсын.



12- САБАҚ

СЕН

көшпелілердің маусымдық жайылымдары туралы білесің.

Көшпелілер мен отырықшылардың өмір салты

СЕН

көшпелілер мен отырықшылардың өмір салтын салыстыруды **үйренесің**.

көшпелі

кочевник

nomad

егінші

земледелец

farmer




Ерте замандардан бері адамдар көшпелі-малшылар және отырықшы-егіншілер болып бөлінді. Олардың өмір салты мен тұрмысы қандай кәсіппен айналысуға негізделгенін есіңе түсір.

Отырықшы-егіншілер жер өңдеумен айналысты. Малшылар көшпелі өмір салтын ұстанды. Олар жыл бойы малын бағып, жайылымдарын ауыстырып отырды. Мал жыл бойы маусымдық жайылымдарда жайылды. Көшпелілер қой, жылқы, түйе өсірді.



Сызбаға қарап, сұрақтарға жауап бер: Маусымдық жайылымдар қалай аталады? Ол қай жыл мезгілдеріне сай келеді?

С
↑
О





Суреттерге қара. Малшылардың маусымдық жайылымдары қалай аталады? Ол қандай жыл мерзімдеріне сәйкес келді? Жайлау мен қыстау қай жерде орналасқан?

Жайлаудағы қой отары



Қыстаудағы жылқы үйірі



Көрнекті қазақ ғалымы Шоқан Уәлиханов: «Көшпелі елдің тұрмысында азығы да, сусыны да, киімі де малдан...», – деп жазды. Ғалымның сөзін мысалдармен дәлелде.

Өзен бойындағы жазықтар егіншілікке пайдаланылды. Сырдария өзенінің жағасы – ежелгі замандардан бері адамдарға өмір нәрін сыйлаған құтты мекен. Оның жағалауындағы егіншілер отырықшылық өмір салтын ұстанды. Олар тары, бидай, арпа, жеміс-жидек өсірді. Сонымен қатар олар сиыр, жылқы, қой малын бақты.



1. Сен суретшісің. «Егіншілер не өсіреді?» немесе «Малшылар не бағады?» тақырыбына сурет сал.



2. Малшы мен егінші кездесе қалса, не жайлы әңгімелесер еді? Малшы мен егіншінің арасындағы сұхбатты сыныптасыңмен бірге құрастыр.



3. Малшы мен егінші арасындағы тауар алмасу ойынын ойнаңдар. Өз тауарыңды мақтап, мадақтап, жетістігін айтып, саудалауға тырыс.

ПІКІР АЛМАСАЙЫҚ!

- Отбасын қандай туысқандық байланыстар біріктіреді?
- Өз шежіреңді қалай құрастырасың?
- Спортпен айналысу үшін қандай жағдайлар мен мүмкіндіктер қажет?
- Көшпелілер мен отырықшылар өмір салтының қандай айырмашылығы бар?

ӘР АЛУАН ТАПСЫРМАЛАР

1. Туысқандарың саған кім болып келетінін ата:

- әкемнің әпкесі;
- үлкен ағамның жұбайы;
- анамның ағасы;
- туған әпкемнің қызы;
- ағамның ұлы.

2. «Кім көбірек туысқандық атауды атайды?» ойынын ұйымдастырыңдар.

3. Төменде ұсынылған спорттық ойындардың жаздық түрін ата: бокс, күрес, конькимен мәнерлеп сырғанау, көгалдағы хоккей, баскетбол, шаңғы спорты.

4. Досқа кеңес.

Парталас сыныптасыңа қандай спорт түрімен айналысқан пайдалы екені туралы кеңес бер. Не үшін сен сол спорт түрін ұсынғаныңды түсіндір.

5. Әрбір адамның өзіне тән мінез-құлқы бар. Қалай ойлайсың, спортпен кәсіби түрде айналысу үшін адам бойында мінез-құлықтың қандай сипаты болуы керек? Неліктен?

Бейжайлық, жауапкершілік, ұқыптылық, қызғаншақтық, еңбекқорлық, табандылық, сараңдық, көпшілдік, батылдық.

IV БӨЛІМ

СӘУЛЕТ ӨНЕРІ

БҰЛ БӨЛІМНЕН СЕН:

- елді мекендердің айырмашылығы неде екенін білесің;
- ауыл мен қаланың қандай байланысы барын білесің;
- жергілікті жердің жоспарын құруды үйренесің;
- Күн мен жұлдыздарға қарап, көкжиектің тұстарын анықтауды үйренесің.



13 – САБАҚ

СЕН

елді мекендердің түрлерімен танысасың.

Елді мекендер қандай болады?

СЕН

қала мен ауылдың айырмашылығын салыстыруды **үйренесің**.

қала

город

city

ауыл

село

village

Картамен жұмыс



95-беттегі картаға қара. Қазақстан аумағындағы республикалық маңызы бар қалаларға Астана мен Алматы жатады. Оларды картадан тап.

Елді мекендер қалалық және ауылдық болып бөлінеді. Қала – 12 мыңнан астам адам тұратын елді мекен. Бүгінгі күні Қазақстанда 87 қала бар.

Өзің анықта

1. Ауыл – бұл адам тұратын елді мекен. Ауыл тұрғындары шаруашылығымен айналысады.
2. Ірі қалалардың тізімін дәптеріңе жалғастыр:
Облыс орталықтары: Атырау, Орал,
Теміржол өтетін қалалар: Ембі, Қандыағаш,
Курортты қалалар: Сарыағаш,

Қалалар көлеміне қарай ірі, үлкен, орта және кіші болып бөлінеді. Астана мен Алматы қалаларында 1 миллионнан астам адам тұрады. Қарағанды мен Шымкент ірі қалаларға жатады.



Сенің қалаң немесе облыс орталығың қандай қала түріне жататынын анықта.



Үлкен қалалар өзінің көріктілігімен ерекшеленеді. Суреттерге қара. Аталған қалалардың қандай көрікті жерлері бейнеленгенін анықта.



Астана – Қазақстанның астанасы



Қостанай – облыс орталығы



Ақтау – портты қала



Қала мен ауылды салыстыр.

Сұрақтар	Қала	Ауыл
Тұрғындар саны		
Тұрғынжай түрі		
Айналысатын еңбек түрі		
Қандай өнім түрлерін өндіреді?		

Ойын уақыты



Жұптасып қала ойынын ойнаңдар. Бір оқушы облыс орталығын атайды. Екіншісі картадан аталған қаланы және облыс орталығын көрсетеді.

«Қай жерде өмір сүруге қолайлы?» деген тақырыпта пікірталас



Мен қоныс аударғым келеді. Бірақ, ауылға немесе қалаға көшуді шеше алмай отырмын. Сендер мені қайда көшуге үгіттер едіңдер? Оған қандай дәлелдерің бар?



Мынадай қиял-ғажайып жағдайды елестет. Жер бетінде ешбір қала қалмаса, адамдардың өмірі қалай өзгерер еді?

14-

САБАҚ

СЕН

қала мен ауылдың байланысы қандай екенін **білетін боласың.**

Қала мен ауыл арасында қандай байланыс бар?

СЕН

қала мен ауыл тұрғындарының қандай еңбекпен айналысатынын **білесің.**

қажеттілік

потребности

needs

экономика

экономика

economics

Әрбір адамға азық-түлік, киім және баспана қажет. Адамдардың өмір сүруі үшін керек заттардың барлығы **қажеттілік** деп аталады.



Адамның тағы қандай мұқтаждықтары бар? Адамның күнделікті қолданатын қажеттіліктерінің тізбесін жаса.

Күнделікті қажеттіліктерді пайдалану үшін оларды өсіру, өндіру, даярлау керек. Мұнымен өндірістің экономика бөлімі айналысады.

Экономика – бұл адамдардың шаруашылық қызметі.

Адамдар тауарларды шығарып, қызмет көрсетеді. Тауар – бұл сатуға арналған еңбек өнімі. Оларды сатып алмас бұрын ұстап, киіп көруге болады. Ол тауарлар қолдан-қолға өтеді.

Шаштараздар, сатушылар, аяқкиім жөндеу шеберлері жаңа тауар түрін шығармайды, олар адамдардың қажеттілігін өтеуге қызмет көрсетеді.



Тауар өндіру мен қызмет көрсету түріне мысалдар келтір. Бұл екі салаға талдау жасап, салыстыр.



Сызбаға қара. Әр саладағы адамдар немен айналысып жатқандарын айт. Олардың мамандықтары қандай?

ЭКОНОМИКА САЛАЛАРЫ



Өндіріс



Ауылшаруашылығы



Құрылыс



Сауда



Көлік



Суреттерге қара. Сыныптасыңмен қала және ауыл тұрғындары немен айналысатынын анықтаңдар. Қорытынды жасаңдар.



«Ауылдың қаласыз, қаланың ауылсыз өмірі жоқ» деген сөзбен келісуге бола ма? Бұл сөздің дұрыстығын мысалдар келтіріп дәлелде. Жауаптарды мына пікірлер бойынша құрыңдар:

- Мен былай ойлаймын....
- Өйткені, ...
- Мысалы: ...
- Сондықтан ...



Үлкендердің көмегін, Интернет мүмкіндігін және қосымша әдебиетті пайдаланып, анықта:

- Сенің тұратын жеріңде қандай өндіріс орындары дамыған?
- Сенің ауылыңда (қалаңда) қандай ауылшаруашылық өнімдері өндіріледі?

15 – САБАҚ

СЕН

«масштаб» дегеннің не екенін және планның шартты белгілерін белгілеуді **білесің**.

Мен жергілікті жердің планын жасаймын

СЕН

жер бетінің, сыныбыңның планын жасауды **үйренесің**.

жергілікті жердің планы

план местности

site plan

масштаб

масштаб

zoom scale



Суреттерді салыстырып, қорытынды жаса.



Сурет – бұл барлық заттың кескінін сол қалпында бейнелеу.

План – бұл барлық затты жоғарыдан қарағандағыдай кішірейтілген түрде бейнелейтін сызба.



«Егер зат қағаз бетіне сыймаса не істейміз?» деп, Арман мен Дана дауласып қалды. Балалардың қайсысы дұрыс пікір айтты?



Затты фотосуретке түсіріп, оның кішірейтілген суретін қағаз бетіне желімдеу керек.

Заттың көлемін бірнеше есе кішірейтіп, соны қағаз бетіне түсіру керек.



Масштаб – Жер бетінде өлшенген қашықтықты қағазға түсіргенде қанша рет кішірейтілгендігін көрсететін бөлшек сан.




Мектеп партасының планын сызып көр. Ол үшін:

- заттың ұзындығы мен енін метрмен өлше;
- алынған өлшемдерді бірнеше есе кішірейт;
- масштабын анықтап, сызбаны дәптеріңе түсір.

Жер бетінің планы – шағын жер телімінің сызбасы. Жер телімін планға түсіру үшін шартты белгілер керек.



Суреттерге қара. Қайсысы шартты белгілер екенін айт.



Туристің баратын бағытын шартты белгілерді пайдаланып сызыңдар.

Ербол өз үйінен таңертең ерте шығып, қаражолға түсті. Алғашқыда ол оңтүстік-шығысқа қарай бет алды, баққа жеткен соң, солтүстік бағытқа, өзенге қарай жүрді, онда оны досы Тимур күтіп тұр еді. Олар кездескен соң, оңтүстік-батыста орналасқан мектепке қарай бірге жүрді.



Жергілікті жердің планы мен картасын қандай мамандық иелері «оқи» алады?



Мектеп ауласының планын сыз, одан кейін үйіңнен мектепке дейінгі жолды сыз.

16 – САБАҚ

СЕН

астрономиялық белгілер бойынша көкжиек тұстарын анықтауды **білесің**.

Астрономиялық белгілер бойынша қалай бағдарлауға болады?

СЕН

күнсағат үлгісін жасауды **үйренесің**.

жұлдыз

звезда

star

Күн

Солнце

Sun



Жергілікті жерді бағдарлау деген не? Бейтаныс жерде адасып кетсең, үйге баратын жолды қалай табасың? Жергілікті жердің қандай белгілері саған жол табуға көмектеседі?

Астрономия – Күн, Ай, жұлдыз сияқты аспан денелерін зерттейтін ғылым. Күн жүйесінің ортасында Күн орналасқан. Күн жүйесіне Меркурий, Шолпан, Жер, Марс, Юпитер, Сатурн, Уран, Нептун кіреді. Біз мекен ететін Жер планетасы – Күн жүйесіндегі үшінші планета. Күн көзінің жарығы – Күннен тараған сәуле (жылу). Жарық пен жылудан өсімдік өседі. Күн көзі – тіршілік иесі ғана емес, жақсы бағдаршам. Күн арқылы бағытыңды дұрыс таба аласың.



Суретке қара. Көкжиек тұстарын Күн арқылы қалай анықтауға болатыны туралы әңгіме құра.



ЖҰЛДЫЗҒА ҚАРАП БАҒДАРЛА



Кеме капитандары ашық теңіз үстінде, керуеншілер даладағы керуен жолында ертеден ақ жұлдыздарға қарап бағытын бағдарлай білген.

Темірқазық жұлдызы әрдайым солтүстік бағытты нұсқайды. Темірқазық жұлдызын түнгі аспаннан табу қиын емес. Нобайы шалқасынан жатқан шөміш тәрізді Үлкен Жетіқарақшы жарқыраған, жеті жұлдыздан тұрады. Үлкен Жетіқарақшының екі шеткі жұлдызын ойша жүргізілген сызықпен қос.

Осы екі жұлдыздың арақашықтығын жоғары қарай – сол бағытымен бес есе созсаң, Кіші Жетіқарақшының шеткі ең жарық жұлдызына тіреледі.

Ол – Темірқазық.



Суретке қара. Темірқазық бойынша көкжиектің тұстарын қалай анықтауға болатынын әңгімеле.



Өз күнсағатыңды жасап, қажетті ақпаратты сыныптастарыңмен бөліс.



Өзіңнің сүйікті кейіпкеріңнің саяхаты жайлы жоспар бойынша әңгіме құрастыр.

1. Әдеби кейіпкер.
2. Қайда, не үшін сапар шекті?
3. Қандай көлікпен?
4. Жол үстіндегі бағытын анықтауға оған не көмектесті?



Турист тек табиғи бағдармен ғана өз бағытын анықтай ала ма? «Иә» немесе «жоқ» деп жауап беруге дәлел тап.

ИӘ	ЖОҚ
Дәлелдер	Дәлелдер

ПІКІР АЛМАСАЙЫҚ!

- Елді мекендердің қандай түрлері бар?
- Қала мен ауылды не байланыстырады?
- Жергілікті жердің планын қалай жасайды?
- Күн мен жұлдыздар арқылы көкжиек тұстарын қалай анықтауға болады?

ӘР АЛУАН ТАПСЫРМАЛАР

1. Зерттеу жүргіз. Өз үйіңдегі киім, жиһаз, тұрмыстық заттар мен азық-түліктерді қарап, қорытынды жаса:

- қайсысын қала, ал қайсысын ауыл өнімдеріне жатқызасың?
- біздің елімізде қандай тағамдар өндіріледі?

2. Күн арқылы жергілікті жерді бағдарлау.

Сен досыңмен бірге Күн арқылы бағдарлауды үйреніп жүрмін деп ойла. Жаздыгүні аулаға шығып, таңғы сағат 7-де күнге қарап тұрдыңдар. Көкжиектің қай тұсы алдыңда, арқа тұсында, сол жағыңда және оң жағыңда болады? Сурет бойынша парталасыңа осыған ұқсас тапсырма ойлап тауып, шешуге ұсынып көр.



3. Картадан (95-бет) еліміздің кез келген қаласын таңдап алып, сол қалаға байланысты төмендегі сұрақтар бойынша әңгіме құрастыр:

- Қала Қазақстанның қай жерінде орналасқан?
- Қаланың алып жатқан аумағы қандай?
- Қала қандай қызмет атқарады: облыс, аудан орталығы, теміржол торабы, курортты қала т.б.?
- Қалада қандай мәдени нысандар орналасқан?

4. Ауылда, қалада кімдер жұмыс жасайды? Жұп болып ауылдық және қалалық тұрғындардың мамандығын анықта. Ауыл немесе қалаға қандай мамандық иесі керек?

Тракторшы, кран жүргізуші, аспаз, экскаваторшы, металл балқытушы, механизатор, комбайнер, токарь, фермер, мұғалім, орманшы, малшы, дәрігер, мал дәрігері.


V

БӨЛІМ

ӨНЕР

БҰЛ БӨЛІМНЕН СЕН:

- түркілердің өмір сүру салтымен танысасың;
- басқа халықтардың түркілерден нені үйренгенін білесің;
- тарих және мәдени ескерткіштерді не үшін қорғау керектігін түсінесің;
- отбасының рухани құндылықтарын сақтауды үйренесің;
- Қазақстанның ресми емес нышандары туралы білесің;
- біздің шағын отанымыздың нышанын таңбалауды үйренесің.



17- САБАҚ

СЕН

«туған үй»,
«отбасы» ұғым-
дарының мәнін
білесің.

Менің отбасымның рухани құндылықтары

СЕН

отбасы құндылықтарын сақтаудың маңыздылығын **үйренесің.**

отбасы

семья

family

рухани құндылық

духовные ценности

spiritual values



«Отбасы» сөзін естігенде сенің ойыңа не келеді?
Материалдық және рухани құндылықтарға не жатады?
Қалай ойлайсың, адамдарға олардың қайсысы қымбат?

Отбасы – туысқан, жақын адамдардың бірге өмір сүретін ортасы. Оның рухани және материалдық болып бөлінетін отбасылық құндылықтары бар.

Адамдар рухани құндылықтың бағасын о баста түсінбегендігі жайлы аңыз бар: «Үлкен бір отбасында ынтымақ болмапты. Ұрыскеріс пен дау-дамайдан арыла алмапты. Олар бір күні данагөй ақсақалға келіп, өздерін береке-бірлікте өмір сүруге үйретуін өтініпті. Ақсақал: «Ешкім сендерге бақытты өмір сүруді үйрете алмайды, бақытты болу үшін өздеріңе не керек екенін жазып келіңдер», – депті. Бұл отбасының мүшелері кеңесе келіп, бірнеше сөз жазыпты». Ол қандай сөз болуы мүмкін? Ойлан.

Анықтауды үйрен

Ұсынылған сөздердің арасынан отбасының берекесін арттыратын бес құндылықты таңда. Өз қалауыңды түсіндір.

махаббат

қайырымдылық

төзім

даналық

түсіністік

достық

жанашырлық

сенім

қамқорлық

сыйластық

сабырлылық

Рухани құндылықтарды мәңгілік құндылықтар деп те атайды. Негізгі отбасылық құндылық – адамдарды бір-біріне жақындастыра түсетін өзара құрмет пен сүйіспеншілік.

МЕН ХИКАЯШЫМЫН



Әр отбасының ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын өзіндік салты мен дәстүрі бар.
Өз отбасыңдағы дәстүрлермен бөліс.



Суретке мұқият қараңдар. Бұл отбасы туралы не айта аласыңдар?

– Бұл отбасында қанша адам бар?

– Отбасында қандай қазақы салт-дәстүрлер сақталған? Олар туралы шағын әңгіме құрастыр.



ЕСІҢДЕ САҚТА!



Біздің еліміздің отбасына қатысты заңдары:

1. Неке мен отбасы, әке, ана және бала мемлекеттің қорғауында болады.
 2. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың табиғи құқығы әрі міндеті.
 3. Кәмелетке толған еңбекке қабілетті балалар жұмыс істеуге жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға міндетті.
- Бұл баптарға тағы қандай сөйлемдер қосар едіңдер?



Әрбір отбасында отбасылық фотосуреттер бар. Олар бізге отбасындағы адамдар туралы түрлі қызықты оқиғалар мен естеліктерді еске түсіреді. Сен ата-анаңның қалай танысқанын сұрап біл.



Суреттерге қара. Балалар тұрмыстық құралдарды қолдануда қандай ережелерді сақтамаған?



Электр құралын қолданудың ережелерін оқыңдар. Ережелерге орай графикалық таңбаларды салыңдар.



Электр жүйесін шамадан тыс көп қолдануға **болмайды**



Электр құралын токқа қосулы күйінде қалдыруға **болмайды**



Электр құралын өз еркіңмен жөндеуге **болмайды**



Өзім құрастырамын

Белгілерге қарап, электр құралын қолданудың ережелерін құрастыр.

Өзім жазамын



Ертегі елінің тұрғындары электр құралын қалай пайдаланды? «Электр әлемі» туралы ертегі құра.



«Электр қуатын сақта» жадынамасын құрастыр. Электр қуатын үнемдеудің жолын зертте.



Ойын уақыты

Электр құралдарының атауларын кім көп біледі?

19 – САБАҚ

СЕН

ресми емес нышандардың мәні мен мағынасын **білетін боласың.**

Менің елімнің нышандары

СЕН

өз туған жеріңнің нышанын жасауды **үйренесің.**

ресми емес нышан

неофициальный символ

unofficial symbol



Еліміздің қандай мемлекеттік рәміздерін білесің? Оларды ата.

Мемлекеттік рәміздерден басқа, әрбір елдің ұлттық, ресми емес нышандары болады. Олар оның тарихымен, мәдениетімен, табиғатымен байланысты. Осындай нышандар Қазақ елінде де бар.



1



2



3



Суреттерге қара. Қандай ресми емес нышандарды көріп тұрсың? Анықта. Олар туралы не білесің? Төмендегі атауларды пайдалан.

1. Астана нышаны.
2. Заманауи Қазақстанның нышаны және Қазақстан халқының абыройының асқақтауы.
3. Қазақстан тәуелсіздігінің нышаны.

Ойлан



Мәтінді оқы. «Мәңгілік ел» қақпасының қабырғасында бейнеленген мүсіндер нені білдіреді?

Астана қаласындағы елдіктің айшықты белгілерінің бірі – «Мәңгілік ел» қақпасы. Оның қабырғасындағы текшеде төрт мүсін бейнеленген. Бұлар – әйел-ана, ортағасырлық батыр, данагөй ақсақал және отанымыздың жауынгері.



Аңыздан берілген үзіндіні оқы. Самұрық пен айдаһар ненің нышаны? Аңыз қалай аяқталады?

Ежелгі аңыз оқиғасының желісі бойынша Ғалам өзенінің жағасында Өмір бәйтерегі өсіп тұр. Бұл бәйтеректің басына бақыт құсы – Самұрық ұялап, Күннің нышаны болған алтын жұмыртқа салмақшы. Алайда ағаштың түбінде зұлым айдаһар жасырынған. Ол жұмыртқаны жұтқысы келеді...



Есік қорғанынан табылған сақ ханзадасы жайлы не білесің? «Алтын адамның» ұлттығымызды дәріптеуде алатын орны қандай?

«Алтын адам» Алматыдағы Тәуелсіздік монументінің ұшар басындағы қанатты барыстың үстінде бейнеленген. «Алтын адам» Қазақстанның ұлттық нышандарының бірі болып табылады.

Ресми емес нышандарға жануарлар, өсімдіктер, заттар жатады.

Мысалы, жусан өсімдігі туралы да халық аңыздары бар. Ұзақ сапарға шыққан жолаушы жусанның бір сабағын тұмардай сақтап жүрген. Дала жусанының иісі жолаушыға туған жерін есіне салатын болған.

Көкке самғаған қыран – еркіндіктің нышаны. Мемлекеттік Туда дала қыранының бейнеленуі осыны меңзейді.

Ойын уақыты



«Мен бастаймын, сендер жалғастырыңдар...».
Өз жауаптарыңды айтыңдар. Қазақстанның ресми емес нышандары:
Жануарлар – ...,
Өсімдіктер – ...,
Музыкалық аспаптар – ...

**20 –
САБАҚ**

Түркілер және олардың өмір сүру салты

СЕН

түркілердің өмір сүру салты туралы білетін боласың.

СЕН

түркі әлемінің жетістіктері мен өнертабысын оқып-**үйренесің**.

егіншілік

земледелие

agriculture

қолөнер

ремесло

craft



Қазақ халқының шежіресін бәйтерекке теңейді (45-бет). Бұл ағаштың діңі – қазақтардың бабалары: сақтар, ғұндар, түркілер. Олар туралы не білетініңді баяндап бер.

Түркілер ғұндардың ұрпақтары. VI ғасырда Қазақ жері Түрік қағанаты мемлекетінің құрамына кірді. Түркілер көшпелі және отырықшы өмір салтын ұстанды.

Ғасыр – жүз жылдық мерзімді қамтитын уақыт өлшемі.



Картадан Түрік қағанатының жерлерін көрсет. Ауыр қаруланған түркі жауынгерлерінің жеңісінің себептерін айтуға тырыс.

Ауыр қаруланған түркі жауынгері

Түркі қағанатының негізін салған Бумын қаған болды. Ол темірден жасалған қарумен, сауытпен қаруланып, темір құрсаңған, қуатты атты әскер құрды. Түркілердің әскерлері шығысында Ұлы Қытай қорғанынан батысында Қара теңізге дейінгі ұлан-байтақ өлкені басып алып, билік жүргізді.



Араб тарихшысы былай деп жазды: «Түркілердің елінде 25 қала орналасқан, олардың ішінде Құлан, Мерке, Талғар және басқалар бар».

Арықтар және ескі каналдардың ізі сақталып қалған. Археологтар қазба жұмыстарында орақ, пышақ, балта, үзеңгі, қылыш және әртүрлі әшекей бұйымдарын тапқан.

Түркілердің қолөнері жақсы дамыды. Олар ағаштан, теріден, темірден түрлі қолөнер бұйымдарын жасаған.

Салыстырып көр



Суреттегі түркілердің өнертабысын анықта.

Бұл жаңалықтар адам өмірін қалай жеңілдетті? Сұрақтарға жауап беру үшін суреттерді салыстыр.



Көне түркі руна жазуы



үзеңгі



ағаштан жасалған ер

Түркілердің жетістіктері



киіз үй



Көне Тараз қаласының көрінісі

21-

САБАҚ

Тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғаудың маңызы неде?

СЕН

тарихи және мәдени ескерткіштердің маңызы туралы **білетін боласың.**

СЕН

ескерткіштерді қорғаудың жадынамасын жасауды **үйренесің.**

ескерткіш

памятник

monument

өткенге құрмет

уважение к прошлому

respect for the past



Ескерткіштер не үшін керек?

«Естелік», «ескерткіш» сөздеріне қатысты сөйлем құра.

Өте ерте заманда адамдар ұрпақтан ұрпаққа қалатын тарихи дүниелер жайлы ойламады. Тұтас мәдениеттер ізсіз жойылып кеткен замандар болды. Уақыт өте келе адамдар ескерткіштердің мәнісін түсіне бастады. Соның арқасында айтулы оқиғалар мен ұлы адамдар туралы естеліктер сақталды. Ескерткіштер еліміздің тарихына құрметпен қарауға тәрбиелейді.



Суреттерге қара. Тарихи-мәдени ескерткіштердің түрлерін ата.





Суретте Түркістан, Алматы, Орал, Семей қалалары мен облыстарындағы тарихи-мәдени ескерткіштер бейнеленген. Саған таныс ескерткіштерді атап көр.



Өткенге құрмет – бұл өлкеде өмір сүріп, өз Отанын, жерін, елін сүйген адамдарды есте сақтау.



Өзіңді экскурсия жүргізушісімін деп ойлап көр. Сыныптастарыңа өз қалаң, ауылың жайлы экскурсия жүргіз. Төмендегі сұрақтарға әңгіме құрастыр:

- Қалаңның (ауылыңның) құрылғанына қанша жыл болды?
- Қалаңда (ауылыңда) қандай тарихи-мәдени ескерткіштер бар?
- Ол ненің құрметіне немесе қандай оқиғаға байланысты қойылған?

Эссе жазамын



Тақырыбы «Менің сүйікті ескерткішім» .
Кез келген ескерткішті (еліміздегі, қаладағы, ауылдағы) таңдап, ол ескерткіштің саған неге ұнайтындығы туралы 7–8 сөйлем жаз.



Дәлелдеуді үйрен

Даналардың айтқан сөзі бар: «Болашағын ойлаған адам ескерткіш орнатады». Сен осы пікірмен келісесің бе? Мысал келтір.



Өзім жасаймын

«Жер бетінде мәдени және тарихи ескерткіштер сақталу үшін не жасай аламын?» деген тақырыпта жадынама жаз.

ПІКІР АЛМАСАЙЫҚ!

- Отбасындағы береке-бірлікті қалай арттыруға болады?
- Елдің ресми емес нышандары деген не?
- Ескерткіштерді не үшін сақтау керек?
- Тұрмыстық заттарды қалай дұрыс қолдану керек?
- Түркілер қалай өмір сүрді және немен айналысты?

ӘР АЛУАН ТАПСЫРМАЛАР

1. Гүлдің суретін сал. Гүлдің күлтежапырақтарына өз отбасындағы татулық пен үйлесімділік үшін не жасайтыныңды жаз.

2. Тұрмыстық құрал-жабдықтарды пайдаланудың ережелерін сыныптасыңмен жұптасып қайталаңдар. Нені істеуге болатынын, нені болмайтынын анықтаңдар:

- ылғал қолмен электр құралдарын ұстау;
- үйден шығарда жарықты өшіру;
- тұрмыстық құралдарды қараусыз қалдыру;
- бірнеше электр құралдарын электр желісіне қатар қосу;
- электр қуатын үнемдеу.

3. Өзіңе белгілі тарихи және мәдени ескерткіштердің аттарын ата.

4. Сен сабақта танысқан еліміздің ресми емес нышандарының қатарында басқа да көптеген нысандар бар. Соның бірі – «Қазақстан» көпқабатты қонақүйі. Ол туралы сен не білесің? Қай қалада орналасқан? Қанша қабатты ғимарат?



5. Тарихшылар алғаш рет ежелгі көшпелілердің шалбар, ішік, тымақты тұтынғаны туралы айтады. Осындай киім үлгілерін таңдауға қандай климат жағдайы мен өмір салтының әсер еткенін ойланып көр.

VI БӨЛІМ

АТАҚТЫ ТҰЛҒАЛАР

БҰЛ БӨЛІМНЕН СЕН:

- біздің бабаларымыз қыпшақтардың қалай өмір сүргені жайлы білесің;
- Қазақ хандығы қашан, қалай пайда болғанын анықтайсың;
- біз күні бүгінге дейін Қазақтың хандары мен билерін, батырларын құрмет тұтып, есте ұстауымыздың себебін талқылайсың;
- Қазақ хандары жайлы сурет салу, өлең жолдарын құрастыруды үйренесің.



22 – САБАҚ

Менің бабаларым – қыпшақтар

СЕН

қыпшақтардың қалай өмір сүргенін, немен айналысқанын **білетін боласың.**

СЕН

қыпшақтар мен қазақтардың ұлттық киімдерін, тілін, сыртқы келбетін салыстыруды **үйренесің.**

- қыпшақ
- кипчак
- kipchak



Картадан Қыпшақ даласы қай аймақта орналасқанын анықта.



Түркі тайпаларының ішіндегі саны жағынан ең көбі қыпшақтар болды. 11–12 ғасырда олар Алтай мен Дунайдың арасындағы кең-байтақ даланы мекендеді. Бұл жерлер «Қыпшақ даласы» деп аталды.



Суреттерге қара. Қыпшақтар мен қазақтардың ұлттық киімдерінің арасында қандай ортақ ұқсастық белгілері бар? Салыстыр.



Қыпшақтар

Қазақтар



Қыпшақтар – қазақтардың арғы бабалары, олар малша-руашылығымен айналысып, төрт түлік өсірді. Тарихшылар: «Қыпшақтардың жылқылары басқа елдерде жоғары бағаланды. Үндістанда Қыпшақ даласынан келген жылқыға 500 алтын динар беретінін» жазады.



Қыпшақ жылқыларының қымбат бағалануының сыры неде? Олар қандай қасиеттерімен ерекшеленді? Ойлап көр.

Қыпшақтардың арасында егіншілері де болды. Олар тары, бидай, арпа өсірді.



Саяхатшылар қыпшақтардың тарыны тағамға көп қолданатынын жазды. Қазіргі кезде тарыны біз тағамға қолданамыз ба?



Қазақ тілі қыпшақ тілінің негізінде қалыптасты. Кестедегі сөздерді салыстырып, қыпшақ тілінің ерекшелігін сипатта.

Қыпшақ тілінде	Қазақ тілінде	Орыс тілінде
Беш	Бес	Пять
Таш	Тас	Камень
Йети	Жеті	Семь



Қазақтардан басқа тағы қай халық түркілердің қыпшақ тармағынан тараған? Сен ол халықтар туралы не білесің? Үлкендерден сұрап және қосымша әдебиеттерді пайдалана отырып анықта.



Егер сен ертедегі қыпшақ отбасына қонаққа барсаң, олар саған қандай ас мәзірін ұсынуы мүмкін?
Сен олардан не жайлы сұрар едің?
Сен қыпшақтардың сөзін түсінер ме едің?

23-

САБАҚ

СЕН

Қазақ хандығының құрылуы жайлы білетін боласың.

Қазақ хандығы қалай құрылды?

СЕН

оқиға желісімен сценарий дайындауды **үйренесің**.

қазақ

казак

kazakh

Қазақ хандығы

Казахское ханство

Kazakh khanate



Мәтінді оқы. Өзіңді Керей немесе Жәнібек сұлтандардың бірінің рөліне қойып көр. Халықты өз соңыңнан ертетіндей үндеу сөз дайында.

VI ғасырдай уақыт бұрын Жайық өзені мен Балқаш көлінің арасындағы жерлерде, Әбілқайыр ұлысы деген мемлекет болды. Мемлекетті Әбілқайыр хан биледі. Ол халықтан көп салық жинады. Әбілқайыр ханның билігіне наразы болған халық, дербестік алып, жеке мемлекет құруды көкседі.

Керей мен Жәнібек сұлтандар халыққа бас болып, Әбілқайырдан бөлініп, Жетісу өңіріне қарай көшті.



Ары қарай оқиға қалай өрбитініне болжам жасап көр. Керей мен Жәнібек сұлтандар бастаған халықты жат жерде не күтіп тұрды?

Бұл кезде Жетісуда Есенбұға хан билік жүргізіп тұрған еді. Ол Әбілқайырдан бөліне көшкен жұртты құшақ жая қарсы алып, Шу мен Талас өзендерінің арасынан жер бөліп берді. Осылайша 1465 жылы Жетісудың батысында Қазақ хандығы құрылды.



Қазақ хандығы құрылғаннан бері қанша жыл өтті? Жақында Қазақ хандығына қанша жыл толғаны аталып өтті?



Бұл суретте Керей мен Жәнібек сұлтандардың жат елге қоныс аударған көш жолындағы бейнелерін көріп отырсыңдар. Қалай ойлайсыңдар, олар не туралы әңгімелесуі мүмкін. Өз қиялдарыңмен сұхбат құрастырып көріңдер.



Қазақ хандығының тақ иесі жасы үлкен Керей хан болса, ақыл иесі Жәнібек хан болды.

Уақыт өте келе қазақ хандары өз иеліктерін кеңейте түсті. Ол шығыстағы Балқаш көлінен, батыстағы Жайық өзеніне дейін созылып жатты (62-бет). Бұл жер оларға атадан мұра болып қалған еді. VIII ғасырда ұлы жиһангер Шыңғысхан осы жерлерді үлкен ұлы Жошының билігіне берген. Ал қазақ хандары Жошының ұрпақтары болғандықтан осы аймаққа биліктерін жүргізді.

СЕН БІЛЕСІҢ БЕ?

«Қазақ» сөзі түркі тілінде «еркін, ерікті адам» ұғымын берген.

Керей мен Жәнібек хандығының нығаюынан сәл ертерек көшпелілерді **қазақтар** деп атай бастаған.



Саған Қазақ хандығының құрылуы туралы бейнебаян түсіру керек деп ойла. Сен қандай маңызды оқиғаларды қамтыр едің?

24 – САБАҚ

Қазақ жерінің даңқты хандары

СЕН

– Қазақ хандарының немен айналысқанын;
– біз оларды не себепті құрмет тұтатынымызды **білетін боласың.**

СЕН

ел билеген хандар туралы өлең құрастырып, олардың тарихи таңбаларын салуды **үйренесің.**

Қасым хан

хан Касым

khan Kasym

Жәңгір хан

хан Жангир

khan Zhangir

Тәуке хан

хан Тауке

khan Tauke



Қазақ жеріне билік жүргізген хандар жайлы әңгімелеп бер. Хандардың ең маңызды қандай ісін сен алдыңғы орынға шығарар едің? Не себепті?

Қазақ хандығында көптеген хандар билік құрды. Алайда сен бүгін олардың тек үшеуі жайлы ғана оқып білесің.



Картаға қара. Керей мен Жәнібек билеген кезеңдегі Қазақ хандығының аумағын тап. Қасым ханның тұсындағы Қазақ хандығының жерлерін көрсет. Салыстырып, қорытынды жаса.





Қасым хан – қазақ жерінің іргесін бекітті. Ол қазақтардың Жайықтан Балқашқа дейінгі ежелгі жерлерін біріктіріп, билік жүргізді.

Жәңгір хан – өз Отанын қорғаған батыр. Ол шығыстан шапқыншылық жасаған жоңғарларға қарсы ерлікпен соғысып, Орбұлақ шайқасында 600 жауынгермен және көмекке келген Жалаңтөс батырдың әскерлерінің көмегімен өзінен күші басым жаудың 50 мың қолын жеңді. Бұл – тарихта сирек кездесетін, аса даңқты жеңіс.

Әртүрлі дереккөздерден Орбұлақ шайқасында жаудың саны қанша есе артық болғандығын, Жәңгір хан басқарған қазақ жасағының жауды қалай жеңіп, жеңіске жеткендіктерін тауып оқыңдар.



Тәуке ханның тұсында «Жеті жарғы» заңдар жинағы құрастырылды. Тәуке ханның билігін қазақ тарихындағы «алтын ғасыр» деп атайды.

«Алтын ғасыр» ұғымын естігенде сенің ойыңа не келеді? «Жеті жарғы» заңының қабылдануы мен «алтын ғасырдың» арасында байланыс бар деп ойлайсың ба?

Қай ханға қатысты айтылғанын тап



- Жауды санымен емес, ақыл-айласымен жеңген.
- Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман.
- Туған жерім – тал бесігім.



1. Сен рәміздердің не екенін білесің. Қасым хан, Жәңгір хан, Тәуке хан замандарына лайықты сурет түріндегі рәміз ойлап тап.
2. Хандардың есіміне орай шумақ құрастыр.



Жалғастыр

Мен өз ата-бабамды мақтан тұтамын себебі, ...

СЕН БІЛЕСІҢ БЕ?

Қазақ хандары ұлы жиһангер Шыңғысханның ұрпағы, сондықтан оларды «төре тұқымы» деп атайды.

25-

САБАҚ

Батырлар – Отанымыздың қорғаны. Билер – Ұлы Даланың даналары

СЕН

қазақ батырлары мен билері туралы **білетін боласың.**

СЕН

батырлардың қару-жарағын сипаттауды, батырлардың өміріндегі оқиғаларды салыстыруды, жалпы батырлардың бойындағы ерекше қасиеттерді таба білуді **үйренесің.**

батыр

батыр

batyr

Отанды қорғау

защита Отечества

defence of homeland



Батырлардың қалай қаруланғанын сипатта. Бұлай қаруланудың басты себебі неде?



Көшпелілер ержүрек, батыр жауынгер халық болды. Ел қорғаудағы асқан батырлығы, әскери жорықтағы ерлігіне сай халық батыр атады.

XVIII ғасырда Қазақ хандығына жоңғарлар шабуыл жасады. Жау қазақтың кең-байтақ даласына көз тікті. Олар қазақтың жерін басып алып, халқын құлдықта ұстағысы келді. Осындай сын сағатта қазақтың ержүрек батырлары өз Отаны мен елін қорғау үшін жанкештілікпен күресті. Жауынгерлерді Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай сияқты батырлар бастады. Мұндай ауыр шайқастарда қазақтар жауды елден аластап, өз жерлерін қорғап қалды.

Салыстырып үйрен

Мәтінді оқып шық. Үш батырдың бойынан қандай ортақ қасиеттерді байқадың? Олардың бойындағы батырлық белгілерін сипаттап бер?



Бөгенбай – қазақтың қаһарман ержүрек батыры, 13 жасынан жаумен шайқасты. Жүзден астам шайқасқа қатысып, жеңіске жеткен.

Қабанбай – атақты қолбасы. Жүзден астам шайқасқа қатысып, жекпе-жекте жеңіске жеткен. Абылай хан батырға «Дарабоз» есімін берген.



Наурызбай – қазақ-жоңғар соғысының батыры. 10 мыңдай әскерді басқарған. Бөгенбай сияқты Абылай ханның үш туын ұстайтын батырларының бірі болған.

Қазақтардың тарихында **билер** де маңызды рөл атқарды. *Би* «халық сайлаған сот» мағынасын береді.



Билер даулы істерді шешіп, халықты бірлікке шақырып отырған. Кез келген адам би бола ала ма? Олардың бойында қандай қасиеттер жоғары болуы керек?



Қазақтың атақты дана билері – Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би. Олар «Жеті жарғы» заңын құрастыруға қатысып, елде әділ билік жүргізді. Жоңғарлармен соғыста билер халықты бірлікке шақырды. Қазақтың үш жүзі өзара ынтымағының арқасында жоңғарлармен шайқаста жеңіске жетті. Ұлы үш бидің есімдері тарихта қалды.



Сол заманның батырлары мен билерін қандай сөздермен дәріптеп сипаттауға болады? Не себепті?

Ержүрек, күшті, дана, қаһарман, әділетті, батыл, шешен, парасатты.



Әртүрлі дереккөзден (Интернет желісінен, қосымша әдебиеттерден) өз жеріңнен шыққан батырлардың есімін анықта. Олар туралы шағын әңгіме құрастыр.

26-

САБАҚ

СЕН

қазақ халқының азаттығы үшін күрескен ерлер туралы **білетін боласың**

Азаттық үшін күрескендер

СЕН

азаттық үшін күрескендер туралы өлең шығаруды, сурет салуды **үйренесің**.

көтеріліс

восстание

rebellion

тәуелсіздік

независимость

independence



Бұл ескерткіштер Астана, Орал, Атырау, Алматы қалаларында орнатылған. Қалай ойлайсың, бұлар кімдердің құрметіне орнатылған ескерткіштер?



Кіші жүздің ханы Әбілқайыр 1730 жылы Петерборға елші жіберді. Ол жаумен күресу үшін Ресейдің қолдауын іздеді. 1731 жылы Ресей императрицасы Кіші жүздің Ресей қол астына кіргені туралы грамотаға қол қойды. Осылайша, қазақ жерлерінің біртіндеп Ресей империясының қол астына өтуі басталды.



Картадан Қазақ хандығының Ресейге қосылғанға дейінгі алып жатқан аумағын қара (62-бет). Өз пікіріңді айт.

Дәлелдеуді үйрен

Қазақстанның Ресейге қосылуының жағымды және жағымсыз тұстары қандай?

Қазақтардың көшіп-қонып жүруіне шығыстан кімдер кедергі жасады? Дәлел келтір.

Біртіндеп Ресей империясы қазақ жерлерін басып алып, қамалдар сала бастады. Ресей империясы қазақтардың Жайық пен Ертіс өзендерінің оң жағалауында көшіп-қонып жүруіне тыйым салды. Хандардың өз жеріне билігі жүрмеді.

Бұл халықтың Ресейдің отарлау саясатына қарсылығын туғызды. Қазақ халқы қайта-қайта өз бостандығы үшін көтеріліске шығып отырды. Бұл көтерілістердің басында Сырым Датұлы, Исатай Тайманұлы, Махамбет Өтемісұлы, Кенесары Қасымұлы, Амангелді Иманов, тағы басқалар тұрды. Олар өз елінің бостандығы үшін күресіп, Қазақ елінің тәуелсіздік алатын күнін жақындата түсті.

Өз таңдауың бойынша:

1. «Еркіндік – ел мұраты» тақырыбында эссе жаз.
2. «Тәуелсіздік үшін күрескер» тақырыбында сурет сал.
3. «Қазақ халқының тәуелсіздік үшін күресі» тақырыбында көрнекілік дайында.



Өз жеріңдегі тәуелсіздік үшін тер төккен күрескерлердің есімдерін анықта. Олардың бірі туралы шағын мәтін құрастыр.

ПІКІР АЛМАСАЙЫҚ!

- Қыпшақтар мен қазақтардың арасында қандай ортақ белгілер бар?
- Қазақ хандығы құрылуының себептерін қалай түсіндіруге болады?
- Хандар мен батырлардың өміріндегі оқиғаларды қалай салыстыруға болады?
- Тәуелсіздік үшін күрескен күрескерлер туралы көрнекілікті қалай дайындауға болады?

ӘР АЛУАН ТАПСЫРМАЛАР

1. Төмендегі есімдердің ішінен Қазақ хандығының негізін салушы хандардың аттарын анықта:
Абылай, Жәнібек, Керей, Қасым, Тәуке.
2. *Хан, би, батыр* сөздері бар шумақ құрастыр.
3. Інің сенен «Қазақ хандығы қалай құрылды?» деп сұраса, қалай жауап берер едің?
Ойланып көр.
4. «Қыпшақтар – қазақтардың арғы атасы, ең үлкен түркі тайпасы» деген ұғыммен келісесің бе? Қыпшақтар мен қазақтардың арасында қандай ұқсастықтар мен айырмашылықтар бар екендігін салыстыр.

	Қыпшақтар	Ұқсастығы мен айырмашылығы	Қазақтар
Қай жылдары өмір сүрді?			
Қай аймақта өмір сүрді?			
Қай тілде сөйледі?			

5. Оқулықта аты аталған хандардан басқа тағы қандай хандарды білесің? Олардың аттарын ата.

VII

БӨЛІМ

СУ – ТІРШІЛІК КӨЗІ

БҰЛ БӨЛІМНЕН СЕН:

- адамдардың қоныстануына табиғат жағдайлары қалай әсер ететінін оқып танысасың;
- біздің елімізде қандай табиғи, тарихи, мәдени туристік нысандар бар екендігін білесің;
- Қазақстандағы туристік нысандардың рейтингісін жазауды үйренесің;
- табиғи ортада өз қауіпсіздігіңді сақтай білуді үйренесің;
- табиғи апаттар, катаклизмдер кезіндегі қауіпсіздік ережелерін құрастыруды үйренесің.



27-

САБАҚ

СЕН

алғашқы қоныстардың қашан және қалай пайда болғаны туралы **білетін боласың.**

СЕН

адамдардың қоныстануына табиғат жағдайларының қалай әсер ететінін оқып-**үйренесің.**

тау етегі

подножие гор

foothills

өзен

река

river

көл

озеро

lake



Суреттерге қара. Сенің ойыңша, бұл жерлердің қайсысы адамдардың қоныстануына қолайлы болар еді? Не себепті?



Ертеде адамдар қандай жерлерде қоныстанған? Олар неге аймақтың оңтүстігі мен солтүстігін таңдаған? Не себепті адамдар өсімдіктер мен жануарлар әлемі мол мекендерді таңдаған?



Интернет желісі мен қосымша әдебиеттерді пайдаланып, анықта:

- Сен тұратын қаланың (ауылдың) атауы нені білдіреді?
- Өз елді мекеніңнің пайда болу тарихынан не білесің?

Ойша елімізді аралап, саяхатқа шық. Елді мекендердің атаулары біздің ата-бабаларымыздың өмірі туралы көп нәрсе айта алады. Адамдар ежелден өзен бойында, көлдің жағалауында, бұлақтың басында, таудың етегінде, таудың баурайында қоныстанған.

Картамен жұмыс



1. Өзеннің (теңіз, көлдің) атауына қатысты немесе «су» сөзі бар қалаларды картадан тап (95-бет).
2. Картадан *тау*, *төбе* сөздерімен байланысты қалалар мен ауылдарды тауып, қойылу себебін анықтап көр.

Ежелде Ұлы Жібек жолы Қазақстанның оңтүстік аймақтарынан өткен. Сол жерлерде саудагерлер сауда-саттық жасап, керуен жүргізген. Керуен жолдары өтетін Сырдария мен Жетісу өзендерінің бойында көптеген қалалар пайда болған.



Картамен жұмыс



Жетісу мен оңтүстік өңірдегі көне қалалар – Түркістан, Шымкент, Тараз, Алматы. Олардың осы өңірде пайда болу себебін түсіндіріп, картадан көрсет.

28-
САБАҚ

Туристің қайда саяхаттағаны дұрыс?

СЕН
Қазақстанның тарихи-мәдени, табиғи-туристік нысандары туралы **білетін боласың.**

СЕН
Қазақстан аумағындағы танымал туристік нысандардың рейтингісін жасауды **үйренесің.**

туристтерді қызықтыратын нысан

привлекательный туристский объект

attractive tourist spot



Саяхат бағытын таңда. Оқушылардың әңгімесін тыңдап, ой бөліс.

Мен Қазақстанның тарихи орындарына саяхаттағым келеді.

Ал мен денсаулығымды сауықтыруым қажет.

Мен табиғаты әсем жерлерді аралап көргім келеді!





Суреттердің қайсысы тарихи-мәдени, қайсысы табиғи және тәуеп ету туристік нысандарына жатады?



Қожа Ахмет Ясауи кесенесі



Жұмбақтас



Абай Құнанбаев



Шарын шатқалы



Медеу мұз айдыны



Қозы-Көрпеш-
Баян-Сұлу



Топтарға бөлініп, Қазақстан бойынша саяхатта

1. Интернет желісінің мүмкіндігін пайдаланып, Батыс, Шығыс, Солтүстік, Оңтүстік және Орталық Қазақстандағы туристік орындарға саяхаттаңдар.

2. Туристік нысандар жайлы жарнамалық плакаттар дайындаңдар.

Өзім жасаймын



Өзіңе ұнаған кез келген туристік нысанды таңдап, ол жайлы жарнамалық кітапша дайында. Онда нысанның:

- атауы, суреттері қамтылуы керек;
- нысанның ұранын ойлап тап.

Сен білесің бе?

Қазақстандағы ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұралар тізімінде:

- Қожа Ахмет Ясауи кесенесі;
- Тамғалы петроглифтері;
- Сарыарқа (Қазақстанның даласы мен көлдері);
- Ұлы Жібек жолындағы қалалары бар.

29 – САБАҚ

Табиғат және менің қауіпсіздігім

СЕН

табиғатта болатын қауіпті жағдайларда тәртіп сақтаудың ережелерін **білетін боласың.**

СЕН

төтенше жағдайларда болатын сақтық ережелерін құруды **үйренесің.**

табиғат

природа

nature

қауіп

опасность

danger



тәртіп ережесі

правила поведения

behavior rule



ТЖ (ЧС) деген әріптер нені білдіреді? Төтенше жағдайлар туралы не білесің? Суреттегі нөмірлермен бейнеленген төтенше жағдайларды анықтаңдар.



Адам өмірінде табиғи қауіп-қатерден төтенше жағдай пайда болады. Оның басты себебі неде?

Сызбаға қара. Сыныптасыңмен табиғи апаттың түрлері туралы пікірлес.

Табиғаттың берген сыйы – жер, су, ауа және от. Жер бізге азық береді, отпен жылынамыз, ауамен тыныстаймыз, сумен шөлімізді қандырамыз. Алайда олардың табиғи апаттарға айналу қаупі де бар.



ЕСІҢДЕ САҚТА!

Табиғаттағы катаклизмдер – адам өміріне қауіп туғызатын алапат құбылыстар. Өз өмірің мен денсаулығыңды сақтау үшін табиғи катаклизмдерден сақтанатын қауіпсіздік ережелерін білу керек.



Сурет бойынша жер сілкінісі кезінде өзінді қалай ұстау керектігі жайлы түсіндір.

ЖЕР СІЛКІНІСІ КЕЗІНДЕГІ ІС-ӘРЕКЕТТЕР



Су тасқыны, өрт, дауыл кездеріндегі іс-әрекет ережесін құрастырыңдар. Жинақталған материалдардан шағын кітапша дайындаңдар.



Бұл кейіпкерлер қандай қиыншылықтарға ұшырады? Оларға мұндай жағдайда не істеу керектігі туралы кеңес беріңдер.



Шумақ құрастыр. Табиғи катаклизмнің атауын тақырып етіп ал.

30-
САБАҚ

Табиғи ортада қандай қауіп-қатерлер бар?

СЕН

күнделікті өмірде қауіп тудыратын жағдайларды білетін боласың.

СЕН

табиғатта болатын түрлі қауіптерден қалай сақтануға болатынын **үйренесің**.

қатер

риск

risk

қауіпсіздік

безопасность

security



Қоршаған табиғи ортаның көптеген құбылыстары адам өміріне қауіп төндіруі мүмкін.
Сызбаға қарап, қауіпті жағдайлардың туындауын түсіндір.

ҚАУІПТІ АЙМАҚ



ТАБИҒИ

Адамның іс-әрекетіне тәуелді емес: құрғақшылық, су тасқыны т.б.



ТЕХНОГЕНДІК

Адамның іс-әрекетіне байланысты: өрттің шығуы, қоршаған ортаның ластануы т.б.



ЭКОЛОГИЯЛЫҚ

Жер сілкіну, жанартау атқылауы, көшкін, боран, құрғақшылық, тасқын, өрт табиғатта жиі қайталанатын «табиғи қатерлер» деп аталады.



Табиғи қатерлердің болу себебі неден деп ойлайсың?

Көптеген қауіпті жағдайлар адамның әрекетіне де байланысты. Зауыттардың, фабрикалар мен көліктің жұмыс істеуі зиянды қалдықтардың бөлінуіне әкеледі. Олар қоршаған ортаға ауаны, суды, топырақты ластайтын қалдықтар ретінде таралады. Осылайша, адамның өмір сүру ортасы ластанады.



Біз мұндай қауіп-қатерлердің алдын алып, сақтануымыз керек!



Әртүрлі дереккөздерді пайдаланып (қосымша әдебиет, Интернет желісі), табиғи ортадағы қауіп-қатерлерді анықтап, бағалаңдар:

- қыс мерзімінде табиғат аясына шыққан кезде;
- көктемде табиғат аясына шыққан кезде;
- жазда табиғат аясына шыққан кезде;
- күзде табиғат аясына шыққан кезде.



Қауіп-қатерден өзіңді қорғаудың ережесін құрастыр.

Өзім жасаймын



1. Өз жақындарыңның төтенше жағдайларға кездескен сәттері болды ма? Сұрап біл.
2. Төтенше жағдайда не істеу керектігі және қайда хабарласу қажеттілігі жайында сұра.
3. Әрбір адам өз өмірінің сақталуы мен жақындарының амандығы үшін жауапты. Ол туралы айтылған мақал-мәтелдерді тап.

ПІКІР АЛМАСАЙЫҚ!

- Картаға қарап, біздің еліміздегі тұрғындардың қоныстануына қалай талдау жасауға болады?
- Туристік саяхаттың маршрутын қалай таңдауға болады?
- Табиғи ортадағы қауіп-қатерлерді қалай бағалауға болады?
- Қауіпті, төтенше жағдайда өзіңді қалай ұстауың керек?

ӘР АЛУАН ТАПСЫРМАЛАР

1. Адамдардың қоныстары суға жақын жерлерде: өзендердің бойында, теңіздер мен көлдердің жағалауларында орналасқан. Өзің тұратын жер су көздеріне жақын орналасқан ба?

2. Сен өзіңді туристік агенттіктің қызметкерімін деп ойла. Сен Қазақстанның табиғи ескерткіштеріне жасалатын экскурсияны жарнамалайсың. Сыныптасыңа еліміздегі көрікті орындар туралы баяндап бер.

3. Логикаға құрылған қатардағы артық сөзді алып таста. Не үшін олай істегеніңді түсіндір.

Дауыл, құйын, боран, жер сілкінісі, жер.

4. Екі-екіден бірігіп, жер сілкінгенде не істеп, не істемеу керек екендігін анықта:

- лифтіні қолдану;
- үйден, ғимараттан тезірек далаға шығу;
- өзіңмен бірге жылы киімдер мен құжаттарды алу;
- далада ғимараттан алыстап, ашық жерде тұру;
- сіріңке жағу.



ДЕМАЛЫС МӘДЕНИЕТІ. МЕЙРАМДАР

БҰЛ БӨЛІМНЕН СЕН:

- отбасылық рухани құндылықтар туралы білесің;
- Қазақстан халқы қандай мерекелерді атап өтетінін білесің;
- қоғамдық орында өзін-өзі ұстау ережелерін құрастыруды үйренесің;
- өз қаражатыңды қалай жоспарлай білуді үйренесің.



31- САБАҚ

Отбасының берекесі бәрінен де қымбат

СЕН

отбасындағы келісім – берекенің кепілі екенін білетін боласың.

СЕН

отбасылық бақыттың құпиясы неде екенін үйренесің.

келісім

согласие

agreement



Бақытты өмір сүруге қажеттіліктерді өз түсінігіңе сай, мәнділігіне сәйкес нөмірле.



Отбасы – біздің өміріміздегі ең басты құндылық. Егер біздің басымызға жамандық, қиындық және бақытсыздық төнсе, бізді кім тыңдайды, кім көмек береді, сабырға шақырып, ақылын айтып, кім қорғайды? Біз бірінші көмекті және ақылды кімнен сұраймыз? Неліктен?



Суреттерге қара. Бұл отбасындағылар бақытты ма? Онда бейнеленген жағдайларды талқыла.



Отбасының жылуы әрбір отбасы мүшесінің үлесінен құралады. Тату отбасында бірін-бірі түсіне де, кешіре де алады. Үлкендер мен балалардың өзара сүйіспеншілігі мен сыйластығы орныққан отбасылар бақытты әрі берік болады.

Үй ішіндегі келісім мен тыныштыққа отбасының әрбір мүшесінің көңіл күйі мен мінез-құлқы әсер етеді.

Бүкіл әлемдегі бейбітшілік – әрбір адамның шағын отбасындағы тыныштығынан бастау алады.



Ата-анаң отбасында атқарылатын істі саған жүктесе, сен не істер едің?

1. Сенің ата-анаң қонаққа жиналып жатыр, саған ыдыс-аяқты жуып, кіші ініңе (қарындасыңа) қарап қалуыңды өтінді. Сенің олай істегің келмейді. Не істейсің?

2. Сен жаттығудан келдің, әкең мен анаң үйде жоқ. Кіші қарындасың сабаққа дайындалуға көмектесуіңді сұрайды, оған қоса асүйде шыны-аяқты сындырып алған. Бұл жағдайда сен не істер едің?



3. Жоспар бойынша «Сиқырлы сөз» тақырыбында әңгіме құрастыр.

- 1) Қария ашуланып отырған баланы жолықтырды.
- 2) Бала қарияға не үшін ашуланғанын, қарындасымен және ағасымен қалай ренжіскенін айтып берді.
- 3) Қария оған «сиқырлы сөзді» үйретті.
- 4) Бала қарындасы мен ағасына осы «сиқырлы сөзді» айтып, сынап көрді.
- 5) Барлығы орнына келді.
- 6) Ол қандай «сиқырлы» сөз еді?



«Отбасылық бақыттың құпиясы» тақырыбында жоба құрастыр.

32- САБАҚ

Мен және қоғам

СЕН

қоғамда нені жасауға болатыны, нені жасауға болмайтыны туралы **білетін боласың.**

СЕН

қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелерін құрастыруды **үйренесің.**

қоғам

общество

society

тәртіп үлгісі

нормы поведения

code of conduct



Бұл топтамада ненің артық екенін анықта. Не себепті?



Қоғам – бұл мүддесі мен мақсаты бір адамдардың бірлестігі.

Адам дүниеге келгеннен бастап белгілі бір қоғамда өмір сүреді. Адам үшін отбасы, мектептегі сыныбы, колледждегі тобы, жұмыстағы ұжымы, достары мен құрбыларының маңызды орны бар. Әр адамды көпшілік ортада өзін қалай ұстауы керек деген мәселе әрқашан толғандырады.



Көпшілік орындағы жағдайға сенің көзқарасың қандай? Қоғамдық орында нені істеуге болады, ал істеуге болмайтын әрекеттер қандай?



Балалардың қайсысының пікірі дұрыс? Неліктен?



Мектеп ішіндегі сынып, асхана, спортзал қай жерде орналасқанын білу жеткілікті.

Мектепте, көшеде, қоғамдық орындарда өзінді дұрыс ұстай білу өте маңызды.



1. Жұптаса жұмыс істеп, сұрақтарға жауап бер, мысалдарды таңдап ал.

1) Мәңгілік рухани құндылықтарға адамның бойындағы адамгершілік, әділдік, ізгілік сияқты қасиеттер жатады. Олар адамның бүкіл өмір тәжірибесінде жинақталған. Неліктен олар мәңгілік деп ойлайсың?

2) Ойланбай іс жасама! Өз сөзің мен ісіңе адал бол. Ол сенің болашақ тағдырыңды анықтауы мүмкін. Бұл сөздерді сен қалай түсінесің? Мысал келтір.

3) Алған біліміңе сай іс жаса. Сонда ғана істеген ісің нақты болады. Осылай жаттығып үйрен. Неліктен қолданылмаған білім артық салмаққа айналады?



2. Қиын мәселелерді шеш.

Әкесіне жүгінген жас өрен
Қояр сұрағы бар терең:
Жақсы деген немене?
Жаман деген немене?

3. «Өзіңді ұстай біл» сахналық көрінісін ойна.

Дүкенде

Театрда

Автобуста

Кітапханада

4. «Қоғамдық орындардағы тәртіп ережесі» тақырыбында постер құрастырыңдар.

«Жанды әріптер»



Қоғамда қолайлы өмір сүру үшін әрбір әріпке қажетті сипаттарды ойлап тап.

Қ О Ғ А М

33 – САБАҚ

СЕН

Қазақстан халықтарының мейрамдары туралы **білетін боласың.**

Қазақстан халықтарының мейрамдары

СЕН

елімізде атап өтілетін мейрамдардың мерекелену жағдайын оқып-**үйренесің.**

мейрам, мереке

праздник

feast

достық

дружба

friendship



Сыныптасыңмен ой бөліс:

- Біздің елімізде қандай мерекелер атап өтіледі?
- Мереке күндері адамдар немен айналысады?
- «Мереке» сөзін естігенде есіңе не түсетінін ойлап көр: түстер, дыбыстар, иістер, сезімдер мен көңіл күйлер.

Қазақстанда әртүрлі ұлт өкілдері достықта және өзара келісімде бірге өмір сүріп жатыр. Олардың қатарында жүзден аса ұлт өкілдері бар. Орыстар, украиндар, ұйғырлар, татарлар және басқа да халықтардың туып өскен жері, атамекені бір елдің, Отаны да бір. 1 мамыр мерейлі, ізгілікті мейрам – Қазақстан халықтарының бірлігі мерекесі. Бұл мерекеде көктемнің шуақты күнінде көңілді билер, спорттық ойындар ұйымдастырылады. Ұлттық мәдени орталықтар Қазақстан халқын әр ұлттың дәстүрімен таныстырады.



1 МАМЫР

**ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ
БІРЛІГІ КҮНІ –
БІЗДІҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ!**

Біздің елімізде басқа да көптеген мерекелер аталып өтеді. Олар ұлттық, мемлекеттік, кәсіби болып бөлінеді.



Топқа бөлініп, мерекелер қалай аталып өтетіні туралы қысқаша әңгіме құрастырыңдар немесе сахналық көрініс қойыңдар.

Ұлттық мейрам



16 желтоқсан –
Тәуелсіздік күні



Дәрігерлер күні



Мұғалімдер күні



Құрылысшылар күні

Кәсіби
мерекелер



Халықаралық
әйелдер күні



30 тамыз –
Конституция күні



1 желтоқсан – Тұңғыш
Президент күні



22 наурыз –
Наурыз мерекесі

Мемлекеттік
мерекелер

Қазақстан халықтарының мәдениетінде діннің алатын орны ерекше. Әлемде көптеген діндер бар. Біздің елімізде тарихи, мәдени дәстүрі бар негізгі дінге – Ислам діні жатады. Осыған орай еліміздегі діни мерекелердің бірі ретінде – Құрбан айт, Ораза айт аталып өтеді.



Бұл мерекелер туралы не білесің? Айтып бер.



- Қазақстандағы ұлт өкілдерінің атауын кім көп біледі?
- Олар туралы не білесіңдер?
- «Қазақстан халықтары – тату отбасы» деген сөзді қалай түсінесіңдер?
- «Толеранттылық» (төзімділік) сөзін естідің бе? Оның мағынасы нені білдіреді?

34-

САБАҚ

СЕН

«отбасылық бюджеттен» өзіңе жұмсалатын шығыстарды **білетін боласың.**

СЕН

өз шығыстарыңның «паспортын» құруды **үйренесің.**

бюджет

бюджет


budget

Есіңе түсір



«Бюджет» мемлекеттік, отбасылық және жеке болуы мүмкін. Отбасының кірісі неден құралады? Отбасының қаражаты қайда жұмсалады?

Бюджет ұғымы «қаржылық қалта» деген мағынаны береді. Отбасылық бюджет – отбасының кірісі мен шығысының жоспары.



Отбасылық шығыстар *жекебасылық* және *жалпы* болып бөлінеді. Әрбір отбасы мүшесі үйшаруашылығына қатыса отырып, жекебасының қаржылық кірісі мен шығысын құрайды. Ақшаны үнемдеп жұмсау оңай шаруа емес. Болашақта бұл міндетті өзің атқаруың керек болады.



Әрбір топ – бұл отбасы. Өзара рөлге бөліңдер. Өз отбасыларыңа тек атауын таңдап алыңдар.

- Өз отбасыларыңның кірісі мен шығысын есептеңдер.
- Айдың соңында отбасыларыңда ақша қала ма?
- Оны қайда жұмсайсыңдар?



Келесі аптада өзім жұмсайтын жеке шығыстарымның «паспортын» құрастырамын. Топ ортасында қандай шығыстар жоспарлап отырғаның туралы ой бөліс.



Кірістер	Шығыстар
Өзімнің қаржым	



Бұл шығыстарды үйде отбасылық кеңесте талқыла. Ата-анаңның және басқа отбасы мүшелерінің ақыл-кеңесін тында.

Отбасы табысын қалай ұлғайтуға болады? Өз бюджетіңді ұсынып, түзетіп көр.

Санап үйрен

Ұсынылған заттардың ішінен әр аптада қайсысын сатып алатыныңды және жеке шығыстарыңа қанша қаражат жұмсайтыныңды есепте.

Сағыз, шырын, мектеп асханасындағы түскі ас, стикер, ойыншық, кеңсе тауарлары, қуырылған картоп, шоколад, ойынға жұмсалатын ақша, су.

«Ертегілер елінде қонақта»



Есіңе түсір. Қандай кейіпкерде күтпеген жерден 5 алтын теңге пайда болды? Ол бұл ақшаны қайда жұмсамақшы?

Сен қайда жұмсар едің?



«Мен және менің жұмсайтын шығыстарым» деген тақырыпта төмендегі жоспар бойынша эссе жаз.

- Ата-анаң саған ақшаны сеніп тапсыра ма?
- Сен ақшаны дұрыс жұмсай аласың ба?
- Сенде ақша жинайтын зат бар ма? Оның қажеттілігі неде?

ПІКІР АЛМАСАЙЫҚ!

- Жақын туған-туыстарыңа қамқорлық деген не?
- Отбасы мен қоғамға әдептілік ережелері не үшін қажет?
- Қазақстан халқы қандай мерекелерді тойлайды?
- Отбасылық бюджеттен сенің қажеттілігіңе қанша ақша бөлінеді?

ӘР АЛУАН ТАПСЫРМАЛАР

1. Досыңмен бірге ой бөліс: Әрқайсыларыңның отбасыларыңда кім нені жақсы көреді? Сен анаң мен әкеңнің туған күндеріне не сыйлар едің? Не үшін ондай сыйлықты таңдағаныңды түсіндір.

2. Сендер сыныпқа өзге планета өкілі келді деп қиялдап көріңдер. Ол этикет, әдеп жайлы ештеңе білмейді. Оған өзін қалай ұстау керектігін кезектесіп түсіндіріңдер:

- қонақта;
- көшеде;
- көлікте;
- қоғамдық орында.

3. Ертеде адамдар табиғат күштерінен Күннен, жаңбырдан т.б. көмек тілейтін болған. Көптеген халықтарда осыған байланысты мерекелер сақталған. Наурыз – көктем мерекесі, оның мағынасы «жаңа күн» дегенді білдіреді. Наурыздың 22-сінде күн мен түн теңеледі. Көп халықтарда жылдың басы ретінде тойланады.

4. Ақшаны үнемді және орынды жұмсау – бұл үйренуді қажет ететін шеберлік. Оған үйренуді өзің жұмсаған қаражатты жазып жүруден бастаған жөн. Сен отбасылық бюджеттен қанша ақша жұмсайтыныңды есепте. Барлық шығыстар орынды ма? Ойланып көр. Сатып алған заттарыңның ішінде қайсысы тым қажет емес еді?

«ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР» ҚОРЫТЫНДЫ ТЕСТ

1. Жыл бойғы табиғат жағдайының жүйелі ауысуы неге байланысты?

- А) климатқа байланысты;
- Ә) климаттық белдеуге байланысты;
- Б) ауа райына байланысты.

2. Геологиялық катаклизмдерге мыналар жатады:

- А) сел, дауыл, цунами;
- Ә) жер сілкінісі, жанартау атқылауы, жердің жарылуы;
- Б) көшкін, өрт, тасқын.

3. Егер өз шығысыңды реттесең, ақшаны аз жұмсайсың. Бұл:

- А) ақша үнемдеу;
- Ә) шығысты жоспарлау;
- Б) шығыстың тиімділігін арттыру.

4. Өзара сенімге, бауырмалдылыққа, ортақ мүддеге құрылған қатынас:

- А) туыстық;
- Ә) достық;
- Б) құрмет.

5. Конституциядағы еліміздің жоғарғы құндылығы _____ деп көрсетілген:

- А) қаржы, еркіндік, отбасы;
- Ә) адамның құқығы мен сыйластығы;
- Б) адам, оның өмірі, құқығы мен еркіндігі.

6. Қазақ халқындағы тек анықтаудың тарихи атауы:

- А) генеалогия;
- Ә) текті сипаттау;
- Б) шежіре (жеті ата).

7. Қайсысы қысқы спорт түріне жатады?

- А) волейбол;

- Ә) хоккей;
- Б) футбол.

8. Үй жануарының қай түрі көшпелі халықтарда аз кездесті?

- А) жылқы;
- Ә) қой;
- Б) сиыр.

9. Жаз айында қай маусымдық жайылым болады?

- А) қыстау;
- Ә) жайлау;
- Б) күзеу.

10. Үйдегі ауаның жылуын реттейтін құрылғы:

- А) кондиционер;
- Ә) тоңазытқыш, мұздатқыш;
- Б) шаңсорғыш.

11. Қала – бұл елді мекен, ондағы тұрғын саны:

- А) 12 мың адам;
- Ә) 9 мың адам;
- Б) 5 мың адам.

12. Қала тұрғындарының кәсібі:

- А) фермер;
- Ә) орманшы;
- Б) металл қорытушы.

13. Біздің еліміздің ресми емес нышанына қайсысы жатады?

- А) Ту;
- Ә) Елтаңба;
- Б) Бәйтерек.

14. Түрік қағанатын құрған қаған:

- А) Бумын;
- Ә) Аттила (Еділ патша);
- Б) Мөде.

15. Алтай және _____ арасындағы жерлер «Қыпшақ даласы» деп аталды:

- А) Орал тауы;

- Ә) Жайық өзені;
- Б) Дунай өзені.

16. Қыпшақтар қандай дәнді дақылдарды өсірді?

- А) тары, арпа, бидай;
- Ә) сұлы, бидай, жүгері;
- Б) жүгері, күнбағыс, тары.

17. Қазақ хандығы қашан және қайда құрылды?

- А) 1450 жылы Алтайда;
- Ә) 1465 жылы Шу мен Талас өзендері арасында;
- Б) 1480 жылы Ембі мен Жайық өзендері арасында.

18. Қай ханды «қазақ жерінің іргесін бекітуші» дейді?

- А) Қасым;
- Ә) Жәңгір;
- Б) Тәуке.

19. Абылай хан қай батырды «Дарабоз» деп атады?

- А) Бөгенбай;
- Ә) Қабанбай;
- Б) Наурызбай.

20. Қай сөз «халық сайлаған сот» деген мағына береді?

- А) бек;
- Ә) батыр;
- Б) би.

21. Табиғи туристік нысанға _____ жатады:

- А) «Медеу» спорт кешені
- Ә) Абай ескерткіші;
- Б) «Шарын» шатқалы.

22. Қазақстан халықтарының бірлігі күні қашан атап өтіледі?

- А) 1 мамыр;
- Ә) 4 маусым;
- Б) 30 тамыз.

23. «Халық қамқоршысы» аталған өзен:

- А) Жайық;

- Ә) Сырдария;
- Б) Ертіс.

24. Қазақстандағы бүкіләлемдік ЮНЕСКО мұрасының қатарына кіретін нысан:

- А) Қожа Ахмет Ясауи кесенесі;
- Ә) Айша-бибі кесенесі;
- Б) Қарахан кесенесі.

25. Сызбадағы нақты өлшемдерді бірнеше рет кішірейтіп беретін көрсеткіш:

- А) масштаб;
- Ә) ұзындық;
- Б) ені.

26. Қандай жұлдыз бағытты анықтайтын бағдар ретінде қолданылған?

- А) Жетіқарақшы;
- Ә) Темірқазық;
- Б) Үркер.

27. Атмосферадағы табиғи апаттың түрі:

- А) жер сілкінісі;
- Ә) дауыл;
- Б) су тасқыны.

28. Отбасының кірісі мен шығысының жоспары:

- А) бюджет;
- Ә) бизнес-жоспар;
- Б) смета.

29. Отбасында қабылданған ұрпақтан ұрпаққа берілетін салттар:

- А) заңдар;
- Ә) әдептілік;
- Б) дәстүрлер.

30. Қоғамдық орынға жатпайтын нысан:

- А) театр;
- Ә) кітапхана;
- Б) пәтер.

СӨЗДІК

Ақша – тауар мен қызметтің, табыстың бір түрінің екіншісіне алмастырғандағы құны.

Бағдарлау – бақылаушының өзі тұрған жерін айналасына, көкжиек тұстарына және жер бедеріндегі өзгешеліктерге қатысты қарап анықтауы.

Бюджет (отбасылық) – отбасының кірісі мен шығысының тізбесі.

Дін – құдайға деген сенімге негізделген білім жүйесі.

Диқан – жерді өңдеп, қажетті жеміс-жидек өндіретін, ауыл-шаруашылығымен айналысатын адам.

Достық – өзара сыйластық, түсіністік пен көмекке, ортақ мүддеге негізделген адамдар арасындағы қарым-қатынас.

Ескерткіш – еңбегімен, ерлігімен аты шыққан даңқты адамдарды немесе тарихи уақиғаларды халықтың есінде қалдыру үшін жасалатын мүсіндік туынды.

Жайлау – жазғы маусымдық жайылым.

«Жеті жарғы» – Тәуке ханның тұсында құрастырылған заңдар жинағы.

Игілік – адамның өмірлік қажеттілігін қанағаттандыратын пайдалы заттар.

Ислам – әлемдік діннің бірі. Араб тілінде құлшылық ету деген мағынаны білдіреді.

Катаклизм – табиғаттағы жойқын апат.

Көтеріліс – халық арасында туындаған қарулы бас көтеру.

Көшпелілер – көшпелі өмір салтын ұстанған халықтар.

Коллаж – қағаз бетіне түсі мен фактурасы өзгеше табиғи және жасанды материалды жапсыру. Қазіргі кезде компьютерде орындалады. Бұл – бейнелеу өнеріндегі техникалық әдіс.

Қағанат – ертедегі «қаған» басқарған мемлекет.

Қала қонысы – көне қорғаны бар елді мекен.

Қоғам – құндылығы мен мақсаттары бір ұлттардың ортақ-тасқан қауымы.

Қыпшақтар – қазақтардың арғы бабасы.

Қыстау – қысқы маусымдық жайылым.

Масштаб – сызбадағы нақтылы өлшемдер мен қашықтықтардың бірнеше есе кішірейтілген көрсеткіші.

Мереке – белгілі бір күндер мен мезгілдерге арнап өткізілетін салтанатты той-думан. Мейрамның іс-әрекеттегі көрінісі.

Ой еңбегі – шығармашылықпен, есеппен, жазба ісімен айналысатын еңбектің түрі.

Петроглифтер – ежелгі адамдардың тасқа қашап салған суреттері.

Синквейн – шумақ құрастыру.

Тәуелсіздік – мемлекет саясатын өз еркімен жүргізуге қабілетті, біреуге бағынышты емес еркіндігі мен бостандығы бар ел.

Толеранттылық – өзгенің ойына құрметпен, төзіммен қарау.

Триумф – даңқ.

Триумфалды арка – салтанатты қақпа түрінде нақышталған сәулет өнерінің үлгісі.

Түріктер – қазақтар, әзірбайжандар, қырғыздар және т.б. түркі тілдес халықтарды қамтитын туысқан халықтар мен тілдер тобы.

Ұлттық мәдени орталық – Қазақстанда өмір сүретін ұлт өкілдерін біріктіретін қоғамдық бірлестік.


Хан – байырғы хандық құрған мемлекеттегі ең жоғарғы лауазым, билік иесі, ел билеуші.

Шежіре – халықтың шығу тегін, таралуын баяндайтын тарих ғылымының тармағы. Яғни тарихи оқиғаларды жазып отыратын жылнама.

Шешен – сөз өнерінің шебері.

ЮНЕСКО – БҰҰ-ның (Біріккен Ұлттар Ұйымы) Білім, ғылым және мәдениет жөніндегі ұйымы.

Қосымша



Қазақстанның әлеуметтік картасы



Қазақстанның физикалық картасы

О қ у б а с ы л ы м ы

Тұрмашева Ботагөз Қадырқызы
Салиш Салтанат Салишқызы
Пугач Владислава Геннадьевна

ДҮНИЕТАНУ

Жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған оқулық

Редакторы *К. Ысқақова*
Суретшісі *Д. Айтжанов*
Көркемдеуші редакторы *З. Аульбекова*
Техникалық редакторы *Ұ. Рысалиева*
Корректоры *Б. Жанпейісова*
Компьютерде беттеген *Э. Омарова*

ИБ № 025

Теруге 17.01.2018 берілді. Басуға 11.05.2018 қол қойылды. Пішімі 70x100 $\frac{1}{16}$.
Офсеттік басылым. Офсеттік қағаз. Шартты баспа табағы 7,8. Есептік баспа табағы 4,04.
Таралымы 200 000 дана. Тапсырыс № 3427.

«Атамұра» корпорациясы» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.
Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы» ЖШС-нің Полиграфкомбинаты.
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.

